

## Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 367 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36708 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2027 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасы "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 12-бабы 1-тармағының 100 тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі*

*Ч. Аринов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және ирригация министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрі

2025 жылғы 27 тамыздағы

№ 367 бұйрығымен бекітілген

## **Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптар**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 12-бабы 1-тармағының 100) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды орындау орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары Заңда және Қазақстан Республикасының

өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген құзыреті шегінде қамтамасыз етеді.

**2-тарау. Мониторинг жүйелерін, оның ішінде жерді қашықтықтан зондтау, азаматтық қорғаудың құлақтандыру, аумақтар мен объектілерді төтенше жағдайлардан қорғау құралдарын пайдалана отырып ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

3. Республикалық азаматтық қорғау қызметтерін қамтамасыз етуге және олардың жұмыс істеуіне жауапты уәкілетті мемлекеттік органдар мыналарды қамтитын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға мониторинг және жедел ден қоюдың тәулік бойғы қызметтерін құруды және олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді, олар:

1) саланың ерекшелігін және төтенше жағдайлар тәуекелдерін ескере отырып, жүктелетін міндеттердің көлемі мен сипатына қарай айқындалатын қажетті штат саны бар тәулік бойы диспетчерлік (кезекші) қызметті ұйымдастыруды;

2) қызметті жағдайды үздіксіз бақылауды және төтенше жағдайларға уақтылы ден қоюды қамтамасыз ету үшін қажетті мониторинг, байланыс, құлақтандыру, бейнебақылау, ақпаратты өңдеу және берудің техникалық құралдарымен жарақтандыруды;

3) жедел спутниктік мониторингті қоса алғанда, жерді қашықтықтан зондтау деректерін жинауды, өңдеуді және интеграциялауды;

4) іс-қимыл тәртібін, ден қоюдың рұқсат етілген мерзімдерін және құлақтандыру алгоритмдерін және азаматтық қорғаудың өзге субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауды қоса алғанда, ден қою регламенттерін әзірлеуді және сақтауды;

5) ішкі бақылау және талдау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, барлық сигналдарды, оқиғаларды және қабылданған ден қою шараларын тіркей отырып, жедел журнал жүргізуді;

6) анықталған кемшіліктерді жоя отырып, қызметтердің әзірлігі мен жұмыс істеу тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізуді қамтиды.

4. Метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы аумағында тәулік бойы жұмыс істейтін мемлекеттік метео- және гидрологиялық бақылау желісінің жұмысын қамтамасыз етеді;

2) дауыл, су тасқыны және өзге де қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстар туралы уақтылы және ашық хабар беруді:

ескертулерді аптасына кемінде бір рет, сондай-ақ болжамды деректерді әрбір жаңарту кезінде жариялау;

ресми интернет-ресурс, мобильді қосымшалар, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ өзге де құлақтандыру арналары арқылы ескертулерді тарату;

ескертулерді белгіленген мерзімде қалыптастыруға, бекітуге және жариялауға жауапты құрылымдық бөлімшелерді (немесе лауазымды тұлғаларды) тағайындау;

уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар үшін ашық қолжетімділікпен жарияланған ескертулердің мұрағатын жүргізу арқылы қамтамасыз етеді;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3) Су деңгейлері мен шығыстарын, жауын-шашынның мөлшері мен қарқындылығын, желдің жылдамдығы мен бағытын, ауа мен судың температурасын қоса алғанда, гидрометеорологиялық жағдайдың ағымдағы жай-күйі туралы деректердің жедел берілуін қамтамасыз етеді.

Қауіпті және дүлей гидрометеорологиялық құбылыстар анықталған кезде ақпарат дереу уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарға:

оқиға тіркелген сәттен бастап 15 минуттан кешіктірмей;

электрондық форматта электрондық поштаны, мамандандырылған платформаларды және дереу жеткізуді қамтамасыз ететін өзге де техникалық құралдарды қоса алғанда, деректерді берудің ресми арналары арқылы;

берілетін ақпараттың уақыттылығын, толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз ететін жауапты құрылымдық бөлімшені немесе кезекші лауазымды адамды көрсете отырып беріледі;

4) ғылыми негізде су басу мен су тасқыны кезеңінде болжауды, олардың басталу уақыты, су деңгейінің көтерілуі, су басу кезеңінің ұзақтығы, өзендердің ашылуы мен тоңуы мерзімін, мұз кептелістері мен іркілістердің пайда болу ықтималдығын есептеуді жүзеге асырады. Болжауларды математикалық модельдеу мен климаттық деректерді қазіргі заманғы талдау әдістерімен дайындайды;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**5) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5) ұлттық ақпараттық жүйелер мен мамандандырылған порталдарды, оның ішінде ескерту карталарын, гидрометеорологиялық ахуалдың интерактивтік карталарын, климаттық кадастрларды және табиғи апаттар мониторингі, болжау және ескертуге арналған басқа ресурстарды сапалы әрі уақытылы ақпаратпен толтырады;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**6) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6) уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарға Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің ақпараттық жүйелері мен порталдарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

5. Жергілікті атқарушы органдары облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар (облысқа бағынышты қалалар):

1) тәулік бойы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға мониторингімен айналысатын кезекшілік-диспетчерлік қызметтерінің жұмысын қамтамасыз етеді. Кезекшілік-диспетчерлік қызметтер жедел ақпарат қабылдап, өңдеп, оны уәкілетті мемлекеттік органдарға уақтылы жеткізіп, қауіп анықталған жағдайда іс-қимыл ұйымдастырады;

2) автоматтандырылған ерте анықтау жүйелерін орнатып пайдаланады :

метеостанциялар, гидрологиялық бекеттер, жылу көргіш бейнекамералары;

қауіпті өндірістік және инфрақұрылымдық объектілердегі газдану, түтін, температура және қозғалыс сенсорлары;

3) халыққа хабар беруді қамтамасыз етеді:

орталықтандырылған автоматтандырылған құлақтандыру жүйелері арқылы аналогтық және цифрлық радиожелілер, ұялы байланыс пен интернет негізінде;

көпшілік орындардағы дауыс зорайтқыш қондырғылар арқылы;

халықтың тәуекел аймақтарында тұратын деректер базасымен интеграцияланған мобильді қосымшалар мен SMS-құлақтандыру арқылы;

4) ықтимал қауіп-қатерлер, болжанатын төтенше жағдайлар және ағымдағы жедел жағдай туралы өзекті ақпаратты ресми интернет-ресурстарда, әкімдіктер мен азаматтық қорғау органдарының әлеуметтік желілерінде тұрақты түрде орналастыру қамтамасыз етіледі. Қауіптіліктің жоғарылауы кезеңінде халықты хабардар ету және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында мұндай ақпарат аптасына кемінде бір рет жарияланады;

5) мониторинг және құлақтандыру жүйелерінің жұмысқа жарамдылығын жартыжылдықта тексеру, техникалық жағдайы туралы акт жасап, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға есепті жолдай отырып, қамтамасыз етеді.

### **3-тарау. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға қойылатын талаптар**

6. Орталық атқарушы органдар жыл сайын қызметтің құзыреттері бойынша алдағы жылға арналған төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі жоспарлардың жобаларын әзірлейді және 1 желтоқсанға дейін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен ( бұдан әрі - уәкілетті орган) келісу бойынша бекітеді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу жоспарлары мынадай бөлімдерді қамтиды:

төтенше жағдайлардың әрбір түрі бойынша қауіптерді талдау;

болжамды тәуекелдер;

төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын барынша азайту жөніндегі іс-шаралар;

қызметкерлер мен халықты оқыту бойынша жоспарланған іс-шаралар;

жоспарланған оқу-жаттығулар;

халыққа хабар беру жөніндегі іс-шаралар;

қаржыландыру, материалдық резервтер.

7. Жергілікті атқарушы органдар аумақтың бейімділігін есепке ала отырып, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша уәкілетті органның аумақтық органдарымен мынадай жыл сайынғы жоспарларды әзірлейді, келіседі және әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың (республикалық маңызы бар қаланың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдерімен бекітеді:

10 қаңтарға дейін – техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі жоспар;

10 қаңтарға дейін – сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспары;

1 ақпанға дейін – су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жоспары;

15 сәуірге дейін – су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары;

15 сәуірге дейін – өрт қауіпті кезеңде төтенше жағдайлардың алдын алу жоспары;

1 мамырға дейін – алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша инженерлік жұмыстар жоспары;

15 мамырға дейін – сел және көшкін қаупі бар кезеңдерде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары;

15 қазанға дейін – қысқы кезеңде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары;

1 қарашаға дейін – көшкін қаупі бар кезеңде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары.

8. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қалалар), аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) жоспарларда мынадай бөлімдер қамтылады:

1) төтенше жағдайлардың ықтимал көздерін және ықтимал зақымдану аймақтарын сипаттау;

2) төтенше жағдайлардың туындау салдарын болжау;

3) төтенше жағдайлардың туындауына ықпал ететін факторларды жою және тәуекелді төмендету жөніндегі іс-шаралар;

4) алдын алу іс-шараларын орындауға жауапты ұйымдар мен қызметтердің тізбесі;

5) халыққа хабар беру және құлақтандыру тәртібі;

6) төтенше жағдайлар туындаған жағдайда халықтың өмірі мен денсаулығын сақтауға, материалдық нұқсанды азайтуға және халықтың бірінші кезектегі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар;

7) трансшекаралық қатерлер кезінде көршілес өңірлермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі.

9. Орталық және жергілікті атқарушы органдар төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі жоспарларда көзделген іс-шаралардың орындалуына ішкі бақылауды жарты жылда кемінде бір рет қамтамасыз етеді.

Бақылау:

іс-шаралардың уақыттылығы мен толықтығын бағалауды;  
әрбір іс-шара бойынша есептік құжаттардың болуын және сәйкестігін тексеруді;  
кейінгі талдау мүмкіндігімен ішкі бақылау нәтижелерін құжаттамалық ресімдеуді қамтиды.

10. Орталық және жергілікті атқарушы органдар тәуекел маусымдары аяқталғаннан кейін төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі жоспарларға енгізілген іс-шаралардың орындалу тиімділігіне жыл сайын талдау жүргізеді.

11. Жергілікті атқарушы органдар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға уақтылы ден қоюды қамтамасыз ету үшін жыл сайын төтенше резервтерді қалыптастырады.

12. Жергілікті атқарушы органдардың төтенше резервтері болжанатын төтенше жағдайлардың түрлері мен ауқымдарын, оларды жою бойынша шамаланған жұмыстардың көлемін, сондай-ақ төтенше жағдайларды болдырмау және оларды жою үшін бар күштер мен құралдарды барынша пайдалану мүмкіндігіне сүйене отырып құрылады.

13. Төтенше резервтерді кеңейту, қайта бөлу немесе жаңарту жөніндегі ұсыныстар тиісті мемлекеттік органдарға:

төтенше жағдайлар бойынша осал тұстарды талдау мен болжамдар негізінде;  
оқу-жаттығулардың және нақты төтенше жағдайлардың нәтижелері бойынша;  
заңнама мен нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілген жағдайда жүзеге асырылады.

#### **4-тарау. Қауіпсіздік паспорттарын әзірлеуге қойылатын талаптар**

14. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың қауіпсіздік паспорттарын әзірлеу, түзету және бекіту уәкілетті органның аумақтық органдарымен жүзеге асырылады.

15. Қауіпсіздік паспорты:

ықтимал қауіпті көздердің тізбесін;

аумақтың қысқаша сипаттамасын (географиялық, климаттық, сейсмикалық ерекшеліктері);

демографиялық деректер мен әлеуметтік маңызы бар объектілердің сипаттамасын;

мониторинг және құлақтандыру жүйелері туралы деректерді;

халық пен инфрақұрылымның осалдықтарын бағалауды;

ықтимал төтенше жағдайлардың туындау сценарийлері мен олардың салдарын;

азаматтық қорғаудың қолда бар күштері мен құралдары туралы мәліметтерді;

төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін төмендету және объектілердің тұрақтылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

16. Жергілікті атқарушы органдар жыл сайын 10 қаңтарға дейін уәкілетті органның аумақтық органдарына қауіпсіздік паспорттарын дайындау үшін қажетті:

төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін бағалау және болжау үшін ықтимал қауіпті көздер туралы мәліметтерді;

демографиялық деректерді, оның ішінде әлеуметтік жағынан осал санаттағы азаматтардың тізімдерін;

тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің және әлеуметтік маңызы бар объектілердің әзірлігі мен жағдайы туралы ақпаратты;

төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін төмендету және объектілердің тұрақтылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы мәліметтерді қоса ұсынады.

17. Қауіпсіздік паспорты жыл сайын түзетіледі және:

әкімшілік-аумақтық бөліністер өзгерген жағдайда;

табиғи орта сипаттамалары өзгерген жағдайда;

тәуекелдерді кешенді бағалау жүргізу қорытындысы бойынша қайта қарауға жатады.

18. Қауіпсіздік паспорты шектеулі қолжетімділік санатына жатқызылған мәліметтерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттарында ашық қолжетімділікке жарияланады.

19. Қауіпсіздік паспорттарындағы ақпарат халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде, сондай-ақ оқу-жаттығулар мен жаттығуларды өткізу кезінде пайдаланылады.

## **5-тарау. Су объектілері акваторияларының паспорттарын әзірлеуге қойылатын талаптар**

20. Су объектілері акваторияларының паспорттарын әзірлеу, түзету және бекіту уәкілетті органның аумақтық органдарымен жүзеге асырылады.

21. Су объектілері акваториясының паспорты:

су объектілерінің сипаттамаларын (географиясы, тереңдігі, аумағы, салалары, ағыс режимі);

төтенше жағдайлардың ықтимал қауіп-қатері мен көпжылдық қадағалаулар мен климаттық өзгерістерді есепке ала отырып, гидрологиялық қатерлерінің сипаттамасын; гидротехникалық құрылыстардың жағдайы туралы деректерді;

халық саны мен олардың кіші санаттарын көрсете отырып, қауіп-қатер аймағында орналасқан жағалау бойындағы объектілер мен елді мекендердің тізбесін;

себептері мен салдарын талдаумен, бұған дейін орын алған гидрологиялық төтенше жағдайлардың тарихын;

су жайылу мен қауіпті су басу аймақтарының ықтимал таралу схемаларын;

су объектілерін, оның ішінде жерді қашықтықтан зондтау жүйесін пайдалана отырып мониторингтеу тәртібі мен әдістерін;

жағалаудағы аумақтар мен объектілерді су басудан қорғау шараларын;

су жайылу қатері төнген жағдайда халықты эвакуациялау жөніндегі іс-қимылдарды;

акваториялардағы төтенше жағдайлардың алдын алу іс-шараларын іске асыруға жауапты органдар мен ұйымдардың тізбесін қамтиды.

22. Акватория паспорттары жыл сайын, сондай-ақ:

су объектілерінде күрделі немесе реконструкциялық жұмыстары жүргізілгеннен кейін;

осы объектілерге байланысты төтенше жағдайлар туындағаннан кейін түзетіледі.

23. Жергілікті атқарушы органдар жыл сайын 10 қаңтарға дейін су объектілері акваторияларының паспорттарын дайындау үшін қажетті мәліметтерді:

су объектілері туралы мәліметтерді (географиясы, тереңдігі, аумағы, салалары, ағыс режимі);

гидротехникалық құрылыстардың жағдайы туралы деректерді;

халық саны мен олардың кіші санаттарын көрсете отырып қауіп-қатер аймағында орналасқан жағалау бойындағы объектілер мен елді мекендердің тізбесін;

су жайылу мен қауіпті су басу аймақтарының ықтимал таралу схемаларын;

жағалаудағы аумақтар мен объектілерді су басудан қорғау шараларын уәкілетті органның аумақтық органдарына ұсынады.

24. Су объектілері акваторияларының паспорттарындағы ақпарат халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау іс-шараларын жоспарлау кезінде, сондай-ақ оқу-жаттығулар мен жаттығуларды өткізу кезінде пайдаланылады.

## **6-тарау. Азаматтық қорғау саласындағы насихаттауға, жаттықтыруға және оқытуға қойылатын талаптар**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**25-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Жергілікті атқарушы органдар жыл сайын 25 желтоқсанға дейін "Халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды хабардар ету, білімді насихаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 494 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20990 болып тіркелген) (бұдан әрі – Халықты ақпараттандыру, білімді насихаттау, оқыту қағидалары) сәйкес белгіленген нысанда ресімдей отырып, тиісті аумақта азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттау жоспарын бекітеді.

26. Орталық және жергілікті атқарушы органдар азаматтық қорғау саласында қабылдаған шаралары туралы халықты хабардар етеді және білімді таратуға жәрдемдеседі. Төтенше жағдайлар туралы ақпарат халыққа азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіледі.

Азаматтық қорғау саласындағы халыққа хабарлау және білімді насихаттау:

1) төтенше жағдайлар кезінде іс-қимыл тәртібі туралы республикалық және облыстық (қалалық) телеарналар арқылы арнайы бағдарламалар жасау жолымен, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты хабарлауды ұйымдастыруды;

2) азаматтық қорғау саласындағы білімді, тұрмыстағы және өндірістегі қауіпсіздік қағидаларын насихаттайтын баспада, интернет-ресурстарда тұрақты жарияланымдарды, телерадиохабар тарату желілерінде хабарлар ұйымдастыруды қамтиды.

27. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Азаматтық қорғау саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшы құрамы мен мамандарын даярлау және қайта даярлау жоспарына сәйкес, сондай-ақ Халықты ақпараттандыру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларында айқындалған мерзімдерде және кезеңділікпен азаматтық қорғау саласындағы қызметкерлердің тиісті санаттарын уәкілетті органның оқу орындарына жіберуді қамтамасыз етеді.

28. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Азаматтық қорғау саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшы құрамы мен мамандарын даярлау және қайта даярлау жоспарында белгіленген мерзімдерде, тағайындалған сәттен бастап алты айдан кешіктірмей азаматтық қорғау іс-шараларын ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты жаңадан тағайындалған лауазымды адамдарды уәкілетті органның оқу орындарына оқытуға жібереді.

29. Жергілікті атқарушы органдар халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды оқыту мақсатында бекітілген жоспарға сәйкес бағдарламаларды, сценарийлерді және қорытынды есептерді ресімдей отырып, азаматтық қорғау саласындағы оқу-жаттығулар мен жаттығуларды ұйымдастырады және өткізеді.

30. Жергілікті атқарушы органдар Халыққа хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларына сәйкес тиісті аумақта үш жылда бір реттен жиі кем емес мерзімділігімен азаматтық қорғау саласындағы кешенді оқу-жаттығуларды өткізу жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

31. Жергілікті атқарушы органдар халықты оқыту мақсатында білім беру ұйымдарында, мектепке дейінгі мекемелерде, сондай-ақ сейсмикалық қауіпті және сел жүру қаупі бар өңірлерде орналасқан ұйымдарда сейсмикалық жаттығулар мен селге қарсы жаттығуларды ұйымдастырады.

32. Сейсмикалық жаттығулар тоқсанына бір реттен жиі емес, ал селге қарсы жаттығулар – сел жүру қаупі жоғары кезең басталар алдында жылына бір реттен жиі емес өткізіледі. Сейсмикалық және селге қарсы жаттығуларын тактикалық-арнайы оқу-жаттығулармен біріктіріп өткізуге жол беріледі.

## **7-тарау. Ықтимал төтенше жағдайларды есепке ала отырып аумақтардың құрылысын жоспарлауға қойылатын талаптар**

33. Аумақтарды жоспарлау, игеру және дамыту, оның ішінде бас жоспарларды, егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарларын әзірлеу және бекіту, жобалау және құрылыс

жұмыстары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қауіп-қатерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Қала құрылысы шешімдерін әзірлеу кезінде ықтимал төтенше жағдайлардың салдарын барынша азайту және халықтың, әлеуметтік, өндірістік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

34. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) аумақтарды жоспарлау және құрылыс салу кезінде аумақтардың қауіпсіздік паспорттарынан, қатерлер каталогтарынан және төтенше жағдайлар жөніндегі өзге де аналитикалық материалдардан алынған ақпаратты ескереді;

2) халықты, мүлікті және инфрақұрылымды қорғау бойынша арнайы инженерлік іс-шаралар алдын ала жүргізілмейінше, төтенше жағдайлардың туындау қаупі жоғары аймақтарда тұрғын үй, әлеуметтік және өндірістік объектілердің салынуына жол бермеуді қамтамасыз етеді. Ықтимал қауіпті аймақтарда құрылыс салу кезінде қала құрылысы, құрылыс және санитариялық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес төтенше жағдайлардың туындау ықтималдығын және (немесе) зардаптарын азайтуға бағытталған инженерлік қорғау шаралары көзделеді.

35. Қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу кезінде жергілікті атқарушы органдар:

1) ықтимал қауіп-қатер аймақтарын, сондай-ақ табиғи және техногендік факторлардың әсеріне бейім, қауіп-қатерді мониторингтеу, бағалау және талдау деректері негізінде сәйкестендіруге жататын өзге де аумақтарды;

2) төтенше жағдайлар қауіп-қатерін есепке ала отырып, аумақтарды пайдаланудың рұқсат етілетін түрлері;

3) қауіпті объектілер айналасындағы санитариялық-қорғау және қорғау аймақтарының шекаралары;

4) ықтимал төтенше жағдайлардың салдарынан аумақтарды қорғауға арналған инженерлік іс-шаралар;

5) қауіп-қатерге байланысты құрылыс тығыздығы мен биіктігі бойынша ұсынымдарды анықтайды.

36. Мына:

1) әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін төтенше жағдайлар қауіп-қатері жоғары аймақтарда арнайы жобалау шешімдерінсіз орналастыруға;

2) уақытша су ағыстарының каналдарын, сел каналдарын, жарылым (жер сілкінісіне ұшыраған) аймақтары және жер сілкінісі қауіп-қатері жоғары аумақтарда арнайы негіздемесіз құрылыс жүргізуге;

3) су басуға бейім учаскелерде алдын ала инженерлік негіздеме мен дренаж/қорғау іс-шараларынсыз құрылыс салуға рұқсат етілмейді.

37. Аумақтарды жоспарлау кезінде жергілікті атқарушы органдар:

1) қорғаныш құрылыстарын (бөгендер, дренаж жүйелері, жағалауды нығайту, көшкінге қарсы қалқандар) салуды;

2) аумақтарды сейсмикалық қауіптілік деңгейіне қарай аймақтарға бөлу және соған сәйкес құрылысқа қойылатын талаптарды айқындауды;

3) ықтимал қауіпті объектілер мен тұрғын үй құрылыстары арасындағы ең аз қашықтықты сақтауды;

4) халықты уақытша орналастыруға арналған алаңдар мен эвакуациялаудың резервті бағыттарының болуы;

5) құрылыс жұмыстары басталғанға дейін инженерлік-геологиялық және гидрометеорологиялық зерттеулерді міндетті түрде жүргізуді;

6) орман өрті мен дала өрттері қаупі бар аймақтарда "жасыл белдеулер" мен өртке қарсы арақашықтарды қалыптастыруды көздейді.

38. Жергілікті және өңірлік даму бағдарламалары төтенше жағдайларға аудандардың төзімділігін арттыру жөніндегі, сондай-ақ қолданыстағы құрылысты жаңғырту жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

## **8-тарау. Азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының әзірлігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

39. Азаматтық қорғау іс-шараларын орындауды және күштер мен құралдарды дайындауды қамтамасыз ету үшін республикалық, облыстық, қалалық, аудандық азаматтық қорғау қызметтері құрылады.

40. Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

41. Азаматтық қорғаудың аумақтық кіші жүйесінің азаматтық қорғау қызметтері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімдерімен құрылады.

42. Азаматтық қорғаудың аумақтық құралымдарының жеке құрамының жалпы саны :

жер сілкінісіне бейім өңірлер үшін – зардап шеккен халықтың он адамына бір құралым мүшесі есебінен;

басқа өңірлер үшін – зардап шеккен халықтың жиырма адамына бір құралым мүшесі есебінен болады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**43-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. Азаматтық қорғау құралымдарына қажеттілікті есептеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 387 "Азаматтық қорғау құрамаларын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, даярлау және тарту қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11243 болып тіркелген) сәйкес әзірленеді.

44. Азаматтық қорғау қызметтерінің дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі негізгі іс-шаралары:

штабтық, командалық-штабтық, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды өткізуді;  
құлақтандыру мен байланыс жүйелерінің техникалық әзірлігін тексеруді;  
төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеу мен оларды тұрақты түрде жаңартуды;

мүлік, техника, жанармай, дәрі-дәрмек резервтерін қолдауды;  
төтенше жағдайлар қатері төнген кезде басқару пункттерін және дала штабтарын өрістетуді;

күштердің зақымдану аймағына жедел қайта орналасуға әзірлігін қамтамасыз етуді;  
авариялық-құтқару құралымдарын аттестаттауды;

көршілес өңірлермен және мемлекеттермен бірлескен жаттығуларды өткізуді қамтиды.

45. Орталық атқарушы органдар:

1) ведомстволық авариялық-құтқару қызметтері мен ден қою топтарын қалыптастырады;

2) салалық төтенше жағдайларға ден қою жоспарларын әзірлейді және олардың жаңартылуын қамтамасыз етеді;

3) төтенше жағдайлар жағдайында күштер мен құралдардың жұмыс істеуі үшін қажетті материалдық, кадрлық және техникалық ресурстарды айқындайды;

4) басқару жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жауапты адамдардың үздіксіз кезекшілігін ұйымдастырады.

46. Жергілікті атқарушы органдар:

1) арнайы техникамен, жабдықпен, құрал-жабдықпен, киім жабдығымен және құралдармен қамтамасыз етілген ерікті авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын құрады;

2) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен, өзге ведомстволармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жоспарларын әзірлейді және оларды іске асырады;

3) әкімшілік-аумақтық бірліктерінде бірінші кезектегі ден қою үшін күштер мен құралдардың резервін қамтамасыз етеді;

4) бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметтер мен құлақтандыру жүйелерінің жұмыс істеуін ұйымдастырады.

## **9-тарау. Мемлекеттік орман қоры аумағындағы өрттердің алдын алуға қойылатын талаптар**

47. Жергілікті атқарушы органдар:

1) мемлекеттік орман қоры аумағында орман өрттерінің профилактикасы және олармен күресу жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларын әзірлейді, бекітеді және олардың орындалуын іске асырады;

2) орман өрттерін сөндіру үшін жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ өртке қарсы техниканы, көлік пен ұйымдардың өзге де құралдарын тарту тәртібін айқындайды, осы

жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды қозғалыс, өрт сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті өртке қарсы құралымдардың жұмыс істеуіне жәрдем көрсетеді;

4) мемлекеттік орман қоры аумағындағы өрттерді сөндіру үшін орман өрт қаупі бар маусымға жанар-жағармай материалдарының резервін қалыптастырады;

5) шаруа және фермер қожалықтары, сондай-ақ өзге де ауыл шаруашылығы ұйымдары ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдарда және шабындықтарда сабанды, өсімдік және өзге де өсімдік қалдықтарын жағуды, сондай-ақ орман қорына іргелес аумақтарда шөпті өсімдіктерді өртеу кезінде белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

6) ағаштарды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жариялау мен өртке қарсы үгіт-насихатты ұйымдастырады;

7) қажет болған жағдайларда осы мақсатта арнайы комиссиялар құра отырып, өңір аумағында орман өрттеріне қарсы күрес жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

48. Орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган:

1) орман шаруашылықтарында өртке қарсы жүктерді, жабдықтарды және ағашты тасымалдауды қоса алғанда, барлық автокөлік түрлерінің еркін жүруін қамтамасыз ететін орман шаруашылығы жолдарының салынуын көздейді;

2) қолданыстағы орман жолдары желісіне қосымша ретінде автокөліктің орман учаскелеріне және су көздеріне өтуін, сондай-ақ өрт ошақтарына тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін өртке қарсы орман жолдарын салады;

3) төменгі орман өрттерінің таралуына табиғи бөгеттер ретінде және жану ошақтарын оқшаулау үшін тірек желілері ретінде пайдалануға есептелген орман жолдарын жобалайды және салады. Орман жолдарын жобалау кезінде өрт сөндіру және орман шаруашылығы техникаларының еркін әрі қауіпсіз өтуін қамтамасыз ететін тиісті техникалық параметрлері бар үлгілік жобаларды пайдаланады;

4) су негізіндегі өрт сөндіру құралдарын тиімді пайдалану үшін өзендер, көлдер және басқа да қолжетімді су айдындары сияқты табиғи су көздерін даярлау мен жабдықтау жөніндегі іс-шараларды көздейді;

5) орман жолдары мен өртке қарсы су көздерінің жағдайына уақтылы жөндеу, тазалау және күтіп-ұстау шараларын қабылдай отырып, тұрақты мониторингтеуді жүзеге асырады;

6) өрт сөндіру техникасы үшін кіреберіс жолдарды жабдықтайды;

7) өрт сөндіру автоцистерналары мен мотопомпаларға су алуға арналған арнайы алаңдарды жабдықтайды;

8) қажет болған жағдайда су айдындарын тереңдетеді және тоғандар жасайды;

9) су ресурстары шектеулі орындарда жыл мезгіліндегі ең ыстық кезеңде кемінде 100 м<sup>3</sup>-ең аз тиімді су қорымен арнайы жасанды өртке қарсы су айдындарын орнатады;

10) өрт сөндіру мақсаттарына көзделген барлық су көздерін жарамды күйде ұстайды және өрт сөндіру техникасының оларға кедергісіз әрі жедел қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

11) мемлекеттік орман қоры аумағында орман өрттерін қашықтықтан бақылау үшін спутниктік, жылу бейнелеу және пилотсыз ұшу технологияларын қолдана отырып, автоматтандырылған бейнебақылау, жылу көргіш бақылауы және қашықтықтан мониторингтеу жүйелерін орнатады.

## **10-тарау. Су басудың, су тасқыны мен су жайылулардың алдын алуға қойылатын талаптар**

49. Орталық атқарушы органдар өз құзыреті шегінде ведомстволық және аумақтық құрылымдардың қызметін үйлестіреді, әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ су тасқыны, су басу және су жайылуының алдын алу мен олардың салдарын барынша азайту бойынша салалық стандарттар мен регламенттерді әзірлеп, енгізеді.

50. Орталық атқарушы органдар су тасқыны қаупі мәселелерін кешенді және үйлестірілген тәсілмен шешу мақсатында басқа уәкілетті органдармен, жергілікті атқарушы органдармен, ғылыми мекемелермен, бизнес субъектілерімен және халықаралық әріптестермен ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастырады және қолдайды.

51. Ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган:

1) жерді қашықтықтан зондтау деректерін жинауды, өңдеуді және біріктіруді, оның ішінде су тасқыны қаупі бар аумақтарды, ықтимал су жайылу аймақтарын, өзендердің, су қоймаларының, қар жамылғысы мен мұз түзілімдерінің жай-күйін қоса алғанда жедел спутниктік мониторингтеуді қамтамасыз етеді. Мониторинг тұрақты негізде жүргізіледі және су тасқыны кезеңінде өзгерістерді уақтылы анықтау үшін күшейтіледі;

2) қауіп-қатерді, ықтимал су жайылу аймақтарын, су тасқыны процестерінің динамикасын және ағымдағы жағдайды көрнекі түрде бейнелеуге мүмкіндік беретін заманауи геоақпараттық жүйелер мен платформаларды құрады және оларды қолдайды. Нақты уақыт режимінде геоақпараттық жүйелерге қолжетімділік уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға беріледі ;

3) ауа райы, гидрологиялық және климаттық жағдайлар туралы спутниктік және картографиялық деректерді интеграциялауға ыңғайлы форматтарда ұсына отырып, ведомствоаралық ақпарат алмасуды цифрландыруды қамтамасыз етеді.

52. Әлеуметтік-еңбек саласындағы уәкілетті орган:

1) су тасқыны, су басу және су жайылу салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қолдаудың кешенді шараларын әзірлеуге қатысады. Бұл шараларға қаржылай көмек көрсету, өтемақылар төлеу, уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету,

тегін тамақтандыру және зардап шеккендердің өмір сүру жағдайларын қалпына келтіруге және жақсартуға бағытталған өзге де қолдау түрлері кіреді;

2) ерекше назар аударуды талап ететін азаматтардың әлеуметтік осал санаттарының атаулы тізімдерін қалыптастырады және оларды жыл сайын жаңартады. Тізімдер әлеуметтік осалдық дәрежесіне қарай кіші топтарды бөліп көрсете отырып, елді мекендер мен аудандар бойынша құрылымдалады. Жаңартылған ақпарат уақтылы эвакуациялауды жоспарлау және көмек көрсету үшін уәкілетті органға жыл сайын, 10 қарашадан кешіктірілмей ұсынылады;

3) эвакуацияланған азаматтар үшін уақытша орналастыру пункттерін жедел орналастыруға, тамақтандыруды ұйымдастыруға, киіммен қамтамасыз етуге, психологиялық және медициналық көмек көрсетуге әзір болуын қамтамасыз ете отырып, жергілікті жерлердегі әлеуметтік қызметтердің жұмысын үйлестіреді. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды жедел түрде қамтумен қатар, оларға бірінші кезектегі қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді;

4) су сипатындағы төтенше жағдайлар кезінде әлеуметтік қорғау қызметтерінің әрекет ету стандарттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді. Уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасай отырып, әлеуметтік қызметкерлердің іс-қимылдарының үлгілік алгоритмдерін қалыптастырады, су басу, су тасқыны және су жайылу кезеңінде әрекет ету мерзімдері мен әлеуметтік көмек көрсету тәртібін регламенттейді.

53. Бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті орган:

1) су басудың, су тасқынының, су жайылулардың алдын алу және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды республикалық бюджет шеңберінде жоспарлауға және қаржыландыруға жәрдем көрсетеді;

2) су тасқынының салдарын жоюға бағытталған бюджеттік шығыстарды есепке алуды жүргізеді;

3) жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті органның инженерлік құрылыстарды қаржыландыру және су соруға арналған жабдықтарды, мониторингтеу мен құлақтандырудың автоматтандырылған жүйесін сатып алу жөніндегі ұсыныстарды қарайды.

54. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган:

1) климаттық өзгерістерді есепке ала отырып, су басу, су тасқыны және су жайылуға бейім аймақтардағы объектілерді орнықты жобалау бойынша құрылыс нормалары мен қағидаларын әзірлейді;

2) қала құрылысы құжаттамасының сақталуын, сондай-ақ өзен жайылмаларында, жер асты суларының деңгейі жоғары аймақтарда және жоғары су жайылу қауіп-қатеріне бейім өзге де аумақтарда құрылысқа шектеулердің орындалуын қамтамасыз етеді;

3) тұрғын үй, өнеркәсіптік және көлік объектілерін салу кезінде дренаждың, нөсер көрізінің және су бұрудың заманауи технологияларын енгізуді және қолдануды

қамтамасыз етеді. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу беткі және тасқын суларды дер кезінде бұруға арналған инженерлік шешімдерді қамтиды;

4) Қазақстан Республикасының әртүрлі географиялық, климаттық және гидрологиялық жағдайларына барынша бейімделген бөгендер, су бұру каналдары, уақытша және тұрақты қорғаныш құрылыстарының үлгілік жобаларын әзірлеуге және енгізуге жәрдемдеседі.

55. Азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) су басу, су тасқыны және су жайылуы жағдайларында зардап шеккендерді қабылдауға медициналық ұйымдар мен денсаулық сақтау жедел қызметтерінің әзірлігін қамтамасыз етеді. Шұғыл медициналық көмекті жеткізудің баламалы бағыттары мен бағыттары, оның ішінде су және әуе көлігін пайдалану арқылы жеткізу жоспарларын әзірлейді;

2) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау алгоритмдерін әзірлейді және енгізеді, оған ауыз судан, тамақ өнімдерінен жүйелі түрде сынамалар алу, эвакуацияланған халықты уақытша орналастыру пункттерінің санитариялық жағдайын бақылау кіреді. Зақымданған аудандарда жұқпалы аурулардың ықтимал ошақтарын мониторингтеу және індеттерді болдырмау үшін профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырады;

3) су тасқындарынан кейін жұқпалы ауруларды болдырмау үшін дәрі-дәрмектерді, мобильді медициналық пункттерді, дезинфекциялық және вакцинациялау құралдарын сатып алуды және орналастыруды үйлестіреді;

4) су тасқыны қаупі бар өңірлерде жұмыс істейтін медицина қызметкерлерін су басу, су тасқыны мен су жайылу жағдайларында халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралар және медициналық эвакуациялау мәселелері бойынша оқытуды және тұрақты нұсқама өткізуді ұйымдастырады.

56. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган:

1) су тасқыны және су басу қаупі бар аумақтарда құқықтық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді. Мүлікті, эвакуацияланған тұрғын үйлерді, сыни және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін, қоймаларды, сауда нүктелерін және халық уақытша қалдырған басқа да объектілерді қорғауды ұйымдастырады. Тонау, ұрлық және басқа да құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында төтенше жағдай аймағында тәулік бойғы патрульдеу, блок-бекеттер және су басқан не эвакуацияланған аумақтарға кіруге шектеу шараларын ұйымдастырады;

2) автомобиль және темір жолдарының, көпірлер мен өткелдердің су жайылған және су шайылуға бейім учаскелерінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ескерту және тыйым салу белгілерін орнату жүргізеді, көлік лектерін сүйемелдеуді ұйымдастырады, сондай-ақ айналып өтудің уақытша схемаларының жұмыс істеуі мен көлік ағындарын қауіпті учаскелерді айналып өтуге бағыттауды қамтамасыз етеді;

3) эвакуациялық іс-шараларға қатысады, әсіресе құжаттарын жоғалтқан жағдайда жеке басын анықтауды қажет ететін азаматтарға көмекті қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда оларға құқықтық және ұйымдастырушылық қолдау көрсете отырып, халықтың әлеуметтік осал топтарымен, оның ішінде шетел азаматтарымен жұмысты жүзеге асырады;

4) жедел штабтардың жұмысына қатысады, уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органдармен, медициналық, коммуналдық және авариялық қызметтермен өзара тұрақты іс-қимылды қамтамасыз етеді.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**57-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

57. Ақпараттандыру және мәдениет саласындағы уәкілетті орган:

1) су тасқыны, су басу және су жайылу қатері төнген және туындауы кезіндегі профилактикалық іс-шаралар мен жүріс-тұрыс қағидалары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі және мемлекеттік әрі жекеменшік бұқаралық ақпарат құралдарын, әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, сыртқы жарнаманы, ақпараттық таблоларды, сондай-ақ жергілікті және өңірлік коммуникация арналары арқылы жүзеге асырылады. Бұл жұмыс қалалық және ауылдық елді мекендердің барлығын қамтиды;

2) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою тақырыптарын, сондай-ақ су тасқыны қауіпсіздігі мәселелерін мемлекеттік телеарналардың, радиостанциялардың, ақпарат агенттіктерінің және ресми интернет-ресурстардың тұрақты бағдарламаларына енгізуді қамтамасыз етеді;

3) су тасқыны қаупі бар аймақтардағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын үйлестіреді, музейлік құндылықтарды, архив материалдарын, өнер туындылары мен басқа да бірегей объектілерді эвакуациялау шараларын әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда мәдени мұраны қорғау іс-шараларын ақпараттық қолдауды ұйымдастырады және осы мәселелерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

58. Ғылым саласындағы уәкілетті орган:

1) тәуекелдерді бағалау, сценарийлерді жоспарлау, сондай-ақ тиімді ден қою және профилактикасын әзірлеуді қоса алғанда су тасқынын қалыптастыруға, қарқындылығына және жиілігіне ықпал ететін гидрологиялық әрі климаттық факторларды жан-жақты зерттеуге бағытталған іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеуді мемлекеттік қолдауды ұйымдастыруды және қаржыландыруды қамтамасыз етеді;

2) су тәуекелдерін басқару, гидрология, климатология, төтенше жағдайларды болжау саласындағы қазіргі заманғы академиялық бағдарламаларды, оқу курстарын

және мамандандырылған пәндерді дамытуға, сондай-ақ су тасқынының алдын алу және оларды жою саласына тартылған мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар үшін кадрларды оқытуға ықпал етеді;

3) ғылыми мекемелерінің, зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының су басуларды, су тасқыны мен болжаудың математикалық, гидродинамикалық және цифрлық модельдерін жасау мен жетілдіру, нақты аумақтар мен объектілердің осалдылығын бағалау, сондай-ақ алдын алу және қорғаныш іс-шаралары бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды қалыптастыру бойынша жұмысын ұйымдастырады;

4) шетелдік ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, арнайы халықаралық орталықтармен және серіктес құрылымдармен, озық технологиялармен, әдістемелермен алмасу, сондай-ақ жаһандық климаттық деректер мен спутниктік мониторингке қол жеткізу мақсатында ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімдерді жасауға жәрдемдеседі;

5) су тасқындарынан тиімді қорғау үшін қорғаныш бөгендері, сүзгілеу және дренаж жүйелері, сорғы станциялары, мобильді тосқауылдар және басқа да инженерлік шешімдердің жаңа технологиялары мен конструкцияларын Қазақстан Республикасының жағдайларына әзірлеуге және бейімдеуге бағытталған қазақстандық жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдары орындайтын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды үйлестіреді.

59. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) барлық гидротехникалық құрылыстарды, оның ішінде бөгендерді, бөгеттерді, шлюздерді, су қоймалары мен каналдарды тасқын суларды өткізуге әзірлігіне, техникалық жарамдылығы мен төтенше жүктемелерге төзімділігіне міндетті түрде бағалай отырып, тұрақты техникалық тексеруден өткізуді, диагностикалауды және паспорттауды ұйымдастырады. Тексерулер бекітілген графиктерге сәйкес, анықталған ақауларды тіркеп, оларды жою шараларын қабылдай отырып жүргізіледі;

2) төтенше жағдайлар мен халықтың өміріне қатер төндіруі мүмкін авариялар мен қирауларды болдырмау мақсатында су басу, су тасқыны және су жайылуы қауіп-қатері жоғары өңірлерге басымдық бере отырып, гидротехникалық құрылыстарға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізуді қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық су шаруашылығы объектілерінің техникалық жай-күйін, өткізу қабілетін, жөндеу жұмыстарының тарихын, пайдалану режимдері мен ықтимал авариялық қауіптерін көрсете отырып, бірыңғай мемлекеттік тізілімді жүргізеді және егжей-тегжейлі картографиялауды ұйымдастырады, бұл орталықтандырылған есепке алу мен бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

4) су қоймаларынан және бөгеттерден суды ағызу режимдерін басқару мен реттеудің автоматтандырылған жүйелерін бақылаусыз су басу, су тасқыны мен су

жайылулардың қаупін барынша азайту мақсатында ауа райы мен гидрологиялық болжамдарды есепке ала отырып әзірлейді, енгізеді және сүйемелдейді;

5) төтенше жағдайлардың алдын алу және ағынды суды оңтайлы реттеу мақсатында су деңгейлері, су ағызу режимдері және трансшекаралық су ағындарын басқару, сондай-ақ гидрологиялық деректермен жедел алмасу мәселелері бойынша көршілес елдердің уәкілетті органдарымен мемлекетаралық ынтымақтастықты үйлестіреді;

6) жағалаулардың эрозиясын болдырмау, су объектілерінің бітелуін және олардың өткізу қабілетін төмендету мақсатында су қорғау аймақтарының және жағалау және су жайылатын аумақтарда шаруашылық қызметті жүргізуге белгіленген шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) гидротехникалық құрылыстарда авариялар қаупі төнген жағдайда бірлесіп әрекет ету үшін жергілікті атқарушы органдармен және уәкілетті органмен тұрақты өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ жоғары су ағызу мен туындаған тәуекелдер туралы жедел хабардар етуді қамтамасыз етеді;

8) дренаж жүйелерін жобалауды, жағалауларды нығайту және тоқырау аймақтарының алдын алу бойынша биоинженерлік шешімдерді қоса алғанда, жердің табиғи су өткізгіштігін және су объектілерінің өткізу қабілетін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлейді және іске асырады;

9) су ресурстарын реттеудің және су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламаларында осы факторларды кейіннен ескере отырып, климаттың өзгеруінің өзендердің су режиміне, су тасқыны ағыны мен сипатына ықтимал салдарын болжауға қатысады;

10) су тасқыны қаупі бар аймақтарда орналасқан су объектілері мен барлық инженерлік құрылыстардың сипаттамаларын, техникалық жай-күйін, су басу, су тасқыны, су жайылуы кезіндегі тәуекел дәрежесін және олардың іргелес аумақтар мен елді мекендерге әсерін көрсете отырып, олардың цифрлық кадастрын жүргізеді;

11) жыл сайын ағынның болжамды көлемін, суды жинау және ағызу режимдерін есепке ала отырып, суды реттеу жоспарларын әзірлейді және жаңартады, бұл ретте ағызуды жедел басқару және су басудың алдын алуға бағытталған шешімдерді келісу үшін жергілікті атқарушы органдармен тығыз өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

12) қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің заманауи талаптарын есепке ала отырып, гидротехникалық құрылыстарды, оның ішінде сыни немесе аварияға дейінгі жағдайдағы объектілерді реконструкциялау, жаңғырту және тиісті жай-күйге келтіру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді.

60. Метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг саласындағы уәкілетті орган :

1) су деңгейі, жауын-шашын, температура, қар қорларының және басқа да гидрометеорологиялық параметрлердің мониторингінің стационарлық және

автоматтандырылған бекеттерін қоса алғанда ұлттық гидрометеорологиялық бақылау желісінің тұрақты жұмыс істеуін, техникалық қызмет көрсетуін және дамуын қамтамасыз етеді;

2) су басу, су тасқыны, су жайылуы, нөсер жауын-шашын, қардың қарқынды еруі, мұз кептелісі, су деңгейінің күрт өзгеруі және өзге де гидрологиялық қатерлер туындауының ықтимал қауіп-қатері туралы ерте құлақтандыра отырып, гидрометеорологиялық мониторингтің тәулік бойы режимін ұйымдастырады. Анықталған қауіп-қатер туралы ақпарат шұғыл тәртіппен уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органдарға және өзге де мүдделі ұйымдарға беріледі;

3) алдын алу және қорғаныш іс-шараларын жоспарлауға негіз болатын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді гидрологиялық болжамдарды әзірлеуді және ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) су тасқыны қаупі бар кезеңде ақпаннан мамырға дейін ұзақ мерзімді гидрологиялық болжамдар алдын ала бір айға әзірленіп, әр айдың 5ші күніне дейін уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да мүдделі органдарға жолданады;

5) қысқа мерзімді гидрологиялық болжамдар жоғары жиілікте, наурыздан мамырға дейін аптасына кемінде бір рет әзірленеді және ағымдағы су тасқыны жағдайы және ықтимал қауіп-қатерлер туралы ақпаратты тұрақты жаңарту үшін уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органдарға және өзге де мүдделі құрылымдарға ұсынылады;

6) су тасқыны процестерінің сипатына, қарқындылығына және жиілігіне климаттық өзгерістердің әсерін зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, оның ішінде жаһандық және өңірлік жылыну контекстінде экстремалды гидрометеорологиялық құбылыстардың даму сценарийлерін модельдейді;

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7) өз өкілеттігі шеңберінде гидрологиялық қауіп-қатерлерді бағалау үшін қолданылатын климаттық модельдер мен сценарийлерді құруды, дамытуды және жаңартуды, сондай-ақ оларды төтенше жағдайларды болжау мен алдын алудың мемлекеттік ақпараттық жүйелеріне біріктіруді үйлестіреді;

8) қауіп-қатер аймақтарын егжей-тегжейлі картографиялауды, кейінгі талдау және жоспарлау үшін өткен жылдардағы су тасқыны сценарийлерінің салдарын, нұқсанын және ерекшеліктерін хаттамалауды қоса алғанда тарихи су тасқыны, су жайылу және басқа гидрологиялық төтенше жағдайлар жөніндегі деректер базасын қалыптастыруға және қолдауға қатысады;

9) өңірлік ерекшелікті есепке ала отырып, таулы аудандарды, өзен жайылмаларын және ойпаттарды қоса алғанда, неғұрлым осал су тасқыны қаупі бар аймақтарда

қосымша автоматты бекеттерді орнатуды, уақтылы жаңартуды және техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

10) мұз жағдайының, қар қорының, су объектілері мен су ағыстары динамикасының спутниктік мониторинг жүйесін ұйымдастырады және қолдайды, сондай-ақ спутниктік деректер алмасу және трансшекаралық су объектілерінің бірлескен мониторингі жөніндегі халықаралық және өңірлік бағдарламаларға қатысады;

11) болжау сапасын арттыру мақсатында бейінді ғылыми және білім беру мекемелерімен, сондай-ақ су жайылуды модельдеу, гидрологиялық сценарийлер мен су режимінің өзгеруін бағалау саласындағы халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта пәнаралық ғылыми зерттеулер жүргізеді;

12) экстремалды су тасқыны, аномальды жауын-шашын, мұз кептелісі және басқа да гидрологиялық оқиғаларды қоса алғанда, қауіпті табиғи құбылыстар туралы ұлттық деректер банктерін қалыптастырады, толықтырады және жаңартады, бұл төтенше жағдайлардың салдарын барынша азайту саласында ұзақ мерзімді болжамдарды қалыптастыруға және мемлекеттік саясатты әзірлеуге мүмкіндік береді;

13) гидрология, климатология, метеорология, су тасқынын болжау және гидрологиялық төтенше жағдайлар саласындағы мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

14) азаматтардың барлық санаттары үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, ведомстволық интернет-ресурстар, мобильді қосымшалар, әлеуметтік желілер және басқа да байланыс арналары арқылы ағымдағы гидрометеорологиялық жағдай, болжамдар, ықтимал қауіптер және су тасқыны кезіндегі жүріс-тұрыс қағидалары туралы халыққа жария және уақтылы хабар беруді қамтамасыз етеді;

15) жаңа климаттық үрдістерді, қала құрылысы саясатындағы өзгерістерді, құрылыс тығыздығын, су режимі мен су тасқыны сипатына әсер ететін табиғи және антропогендік өзгерістерді есепке ала отырып, бұрын белгіленген су тасқыны қауіп-қатерлерінің аймақтарын тұрақты қайта бағалауды жүргізеді.

61. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган:

1) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, фермер қожалықтары мен коммуналдық қызметтердің қарамағындағы суару, дренаждық және мелиорациялық жүйелерге су тасқыны, су басу және шайылу қаупіне ұшыраған аумақтарға ерекше назар аудара отырып, тұрақты және толық түгендеу жүргізуді қамтамасыз етеді. Түгендеу нәтижелері бойынша объектілердің техникалық жай-күйін және жаңа элементтерді жөндеуге, реконструкциялауға немесе салуға қажеттіліктерді көрсете отырып, өзекті деректер базасы қалыптастырады;

2) азаматтық қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органдармен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ауыл шаруашылығы алқаптарын су тасқыны мен су басудан қорғаудың егжей-тегжейлі өңірлік жоспарларын әзірлейді. Осы жоспарларда осал ауыл шаруашылығы аумақтары,

жауапты органдар мен ұйымдар, алдын алу іс-шараларының тізбесі, оларды орындау мерзімдері және талап етілетін қаржыландыру көлемі көрсетіледі;

3) ауыл шаруашылығы аудандарының аумағында тасқын суларды қауіпсіз бұру және жинақтау үшін су бұру каналдары, буферлік аймақтар, уақытша су қоймалары, тарату бассейндері және басқа да элементтер жүйесін салуды, реконструкциялауды және күтіп-ұстауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Бұл іс-шаралар бедердің, су объектілерінің және қолданыстағы ирригация желілерінің ерекшеліктерін ескеруі тиіс;

4) ауыл шаруашылығы алқаптарын уақытша қорғау үшін жер біліктерін, үйінділерді, траншеяларды, бұрма арықтарды және басқа да шайып кетуге қарсы және су тасқынына қарсы шараларды қоса алғанда, уақытша қорғаныш құрылыстарын салуды уақтылы ұйымдастыру бойынша әкімдіктердің, фермерлік және аграрлық шаруашылықтардың іс-қимылдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

5) өсімдік шаруашылығына, мал шаруашылығына, ирригациялық жүйелерге және топырақ қабатына келтірілген нұқсанды бағалауды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы секторы үшін су тасқыны мен су басу салдарына жүйелі талдау жүргізеді. Талдау нәтижелері болжамды материалдарды дайындау, аграрлық сектордың мемлекеттік бағдарламаларын түзету және қалпына келтіру іс-шараларын жоспарлау үшін пайдаланылады;

6) фермерлік және аграрлық шаруашылықтардың тәжірибесіне топырақтың эрозия қаупін азайту, шайылу топырақтың тозуы сондай-ақ тасқын суларға төзімді агроландшафттарды қалыптастыруға бағытталған тұрақты және қауіпсіз жер пайдаланудың заманауи агротехнологияларын енгізеді. Су тасқыны қаупі бар өңірлерде агроорман мелиорациясына, көпжылдық шөптерді қолдануға, терең қопсыту технологиясына және қорғаныш жасыл жолақтарды құруға ерекше назар аударылады.

62. Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган:

1) экстремалды су тасқыны, су басу сценарийлерін және ықтимал авариялық су ағыстарды міндетті түрде есепке ала отырып, гидроэлектростанцияларды, оның ішінде шағын гидроэлектростанцияларды қауіпсіз және орнықты пайдалануды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Гидроэнергетикалық объектілерді жобалау, пайдалану және реконструкциялау кезінде іргелес аумақтарды су жайылу қаупін азайтуға бағытталған инженерлік шешімдер мен технологиялық режимдер қолданылады;

2) су қорын азаматтық қорғау, пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп стратегиялық және аса қауіпті объектілерге жататын гидротехникалық құрылыстардағы су ағыстарын шұғыл басқарудың авариялық іс-қимыл жоспарлары мен схемаларын әзірлейді, жаңартады және тұрақты әзірлікте қолдайды. Көрсетілген жоспарларда барлық тартылған қызметтердің өзара іс-қимыл сценарийлері, хабар беру тәртібі және эвакуациялау алгоритмі пысықталады;

3) су деңгейінің кенеттен көтерілуі, персоналды эвакуациялау, жабдықтарды қауіпсіз режимге көшіру және ықтимал салдарды жою бойынша сценарийлерді пысықтай отырып, ықтимал су жайылу және су тасқыны қаупті аймақтарда орналасқан электр энергетикасы және жылу энергетикасы объектілерінде жыл сайынғы оқу-жаттығу-жаттығу іс-шараларын өткізуді ұйымдастырады. Бұл оқу жаттығуларға уәкілетті органның аумақтық органдарының және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері тартылады;

4) су тасқыны қаупі бар аймақтардағы сорғы станцияларыды, байланыс жүйелерін, көпірлерді, ауруханаларды, халықты уақытша орналастыру пункттерін және басқа да өмірлік маңызды объектілер сияқты қауіпті инфрақұрылым объектілерін тұрақты және басым энергиямен қамтамасыз етеді. Ол үшін резервтік қуат көздері, жедел ауысу схемалары, мобильді энергетикалық қондырғылардың болуы және авариялық бригадалардың дайындығына тұрақты мониторинг көзделеді.

63. Көлік саласындағы уәкілетті орган:

1) су басу, су тасқыны және су жайылу қаупін есепке ала отырып, көлік инфрақұрылымы объектілерін жобалаудың, реконструкциялаудың және пайдаланудың салалық қағидаларын әзірлеуді, жаңартуды және практикалық іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) жыл сайын ұшқышсыз ұшу аппараттарын, спутниктік суреттерді және геоақпараттық жүйелерді қоса алғанда жерді қашықтықтан зондтаудың заманауи технологияларын қолдана отырып, су тасқынына ұшыраған автомобиль және темір жол учаскелерін су тасқыны алдындағы тексеруді ұйымдастырады, Тексеру нәтижелері анықталған қатерлерді жою бойынша жедел шаралар қабылдау және көлік желісін жаңғырту бойынша ұзақ мерзімді жоспарларды әзірлеу үшін негіз болып табылады;

3) болжамды экстремалды жауын-шашынды, қарқынды су тасқыны сценарийлерін және климаттық өзгерістердің ағындарының көлемі мен жылдамдығына әсері туралы заманауи деректерді есепке ала отырып, барлық су өткізгіш құбыржолдарының, көпірлердің және дренаж жүйелерінің өткізу қабілетін есептеуді және қайта тексеруді қамтамасыз етеді;

4) бірнеше жыл ішінде судың тұрақты толып кетуі, көлік конструкцияларының шайылуы және орнықтылығының бұзылуы байқалатын ойпатты, жайылмалы және басқа учаскелерде автомобиль және теміржол жолдарының жол төсенішін көтеру бойынша үлгілік жобалау шешімдерін әзірлейді және енгізеді;

5) уәкілетті органның аумақтық органдарымен, қоғамдық тәртіпті қорғау органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен аралау схемаларын, резервтік бағыттарды ведомствоаралық келісуге қатысады, сондай-ақ су тасқыны кезеңінде негізгі жолдар мен көпірлер жабылған кезде қолданысқа енгізілетін баламалы көліктік-логистикалық дәліздерді қалыптастырады;

6) көпір құрылыстарының су өткізгіш құбыржолдар мен басқа да инженерлік объектілердің техникалық жай-күйіне су тасқыны қаупі жоғары және көктемгі ағынның жоғары деңгейі бар өңірлерге ерекше назар аудара отырып, шайылу негіздердің эрозиясы, құрылымдардың жарықтары мен ығысуының белгілері тұрғысынан тұрақты мониторингті жүзеге асырады;

7) су тасқыны кезеңі басталғанға дейін осы шараларды аяқтай отырып, көпірлерді, су өткізгіш құбыржолдар мен су бұру каналдарын, жаңбыр және дренаждық жүйелерді, автомобиль және теміржолдардың бойындағы арықтарды уақтылы тазарту жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

8) көлік инфрақұрылымын дамыту мен жаңғыртудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларына жаңартылған деректер мен қорытындылар енгізе отырып, алдыңғы су тасқыны мен төтенше жағдайлар статистикасын егжей-тегжейлі талдау негізінде жолдар мен көпірлердің қирау қауіпті аймақтарын кешенді қайта бағалауды жүргізеді;

9) су тасқыны мен су басу кезеңінде жолдар мен көпірлердің қираған немесе зақымдалған учаскелерін қалпына келтіру бойынша шұғыл жұмыстар жүргізу үшін мамандандырылған техникамен, құрылыс материалдарымен және құрал-саймандармен жасақталған мобильді авариялық-жөндеу бригадаларын құру мен жаратандыруды ұйымдастырады;

10) төтенше жағдайлардың туындау қауіп-қатерін азайту жөніндегі іс-шараларды одан әрі жоспарлау үшін аналитикалық базаны қалыптастыра отырып, су тасқыны нәтижесінде көлік инфрақұрылымы объектілерінде болған барлық тіркелген шайылу, қирау және авариялық жағдайлардың есебін жүргізеді;

11) жол және көлік қызметтерінің, сондай-ақ мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне практикалық оқу-жаттығулар, жаттығулар мен семинарлар өткізуді қоса алғанда, су басу, су тасқыны, мен су жайылудың алдын алу және салдарын жою шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және орындау бөлігінде оқыту мен біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

64. Су тасқыны қаупі бар өңірлердің жергілікті атқарушы органдары:

1) облыс, қала, аудан және ауыл деңгейінде су тасқындары, су басулар мен су жайылудың алдын алудың және жоюдың кешенді жоспарларын әзірлеуді, бекітуді және тұрақты түрде жаңартуды қамтамасыз етеді;

2) нақты елді мекендерді, әлеуметтік, көліктік және энергетикалық инфрақұрылым объектілерін, су басу қаупі бар аймақтардағы автомобиль жолдарын, теміржол жолдары мен коммуникацияларды көрсете отырып, су тасқыны қауіптілігінің дәрежесі бойынша аумақтарды егжей-тегжейлі санаттарға бөлуді жүргізеді. Санаттарға бөлу тарихи деректер, гидрологиялық есептоптар және құрал-саймандық зерттеулер негізінде жүргізіледі;

3) су тасқыны жағдайын автоматтандырылған және көзбен шолып бақылау әдістерін пайдалана отырып, орындардағы жағдайға тұрақты мониторинг жүргізуді

ұйымдастырады. Уәкілетті органның аумақтық органдарымен, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг саласындағы уәкілетті органмен, қоғамдық тәртіпті қорғау органдарымен, коммуналдық шаруашылық қызметтерімен және басқа да мүдделі органдармен тұрақты өзара іс-қимыл қамтамасыз етеді;

4) әкімшілік аумақта су тасқындарынан қорғау іс-шараларын үйлестіруге және уәкілетті органның аумақтық органдарымен жедел өзара іс-қимыл жасауға жауапты лауазымды тұлғаларды тағайындайды;

5) су тасқыны қауіпті аймақтарға, сондай-ақ созылмалы су басуы бар учаскелерге басымдық бере отырып, елді мекендердің аумағында су бұру, дренаж және нөсер кәрізі арнасы жүйелерін жоспарлы және тұрақты түрде тазалауды, күрделі жөндеуді және жаңғыртуды қамтамасыз етеді;

6) жобалау-сметалық құжаттаманы міндетті түрде дайындай және тиісті сараптамалардан өте отырып, бөгендерді, бөгеттерді, су бұру каналдарын, сорғы станцияларын және бекітілген жағалауды нығайту конструкцияларын қоса алғанда, қорғаныш құрылыстарын салуды, қалпына келтіруді және тиісті техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

7) облыстық, аудандық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарында су тасқыны кезеңі басталғанға дейін көлік магистральдары бойындағы көпірлерді, құбыржолдарды, су бұру каналдарын, су өткізгіш құрылыстарын, жауын-шашын және арықтарды тазалау жұмыстарын қамтамасыз етеді;

8) гидрологиялық және геоморфологиялық тәуекелдерді бағалау, сондай-ақ су тасқыны қауіпсіздігін арттыру бойынша негізделген техникалық шешімдер мен инженерлік іс-шараларды әзірлеу үшін ғылыми-зерттеу институттарын, мамандандырылған жобалау ұйымдарын және сарапшыларды тартады;

9) уәкілетті органның аумақтық органдарымен бірлесіп, көлік және материалдық-техникалық ресурстарды бөле отырып, эвакуация бағыттарын, уақытша орналастыру схемаларын, жауапты тұлғалардың тізімдерін жасаумен, ықтимал қауіпті аймақтардан халықты эвакуациялау жоспарларын әзірлейді және пысықтайды;

10) халықтың әлеуметтік осал топтарының атаулы тізімдерін жасауды, жүргізуді және жыл сайын жаңартуды қамтамасыз етеді;

11) ықтимал су басу және су жайылу аймақтарында орналасқан әлеуметтік, коммуналдық және қауіпті инфрақұрылым объектілерін қорғау бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар қабылдаумен толық түгендеу жүргізеді;

12) құм салынған қаптарды, жылжымалы сорғы станцияларын, генераторларды, шатырларды, ауыз суды, жанар-жағармай материалдарын, құрылыс құрал-саймандарын және су тасқыны қаупіне ден қою үшін қажетті өзге де авариялық-құтқару мүлкін қоса алғанда, авариялық резервтерді құруды және оларды тұрақты әзірлікте ұстауды қамтамасыз етеді;

13) ағымдағы су тасқыны жағдайы, болжамдар, су деңгейі, қауіпсіздік шаралары, жоспарланған эвакуациялық іс-шаралар туралы, сондай-ақ шұғыл қызметтердің байланыстары және жинау пункттерінің мекенжайлары туралы халыққа тұрақты және жедел хабар беруді ұйымдастырады;

14) мемлекеттік және орыс тілдерінде материалдар жариялай отырып, сондай-ақ бейімделген ақпарат форматтарын қоса алғанда, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қажеттіліктерін есепке ала отырып, азаматтардың барлық санаттары үшін су тасқыны қауіпсіздігі бойынша ресми ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

15) су тасқыны салдарының алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды, қаржыландыру көлемін, көздерін және жауапты орындаушыларды міндетті түрде егжей-тегжейлі көрсете отырып, әзірлейді, бекітеді және тиісті бюджеттік бағдарламаларға жылдық және ұзақ мерзімді қаржыландыруды салады;

16) ведомстволық бағынысты ұйымдардың, коммуналдық қызметтердің және мердігерлік ұйымдардың іс-шараларының орындалуын тексеруді қоса алғанда, облыстардың, қалалардың, аудандар мен ауылдардың деңгейінде су тасқыны қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторингтеу, есепке алу және бақылау жүйесін енгізеді;

17) қайта қатерге ұшыраған тұрғындарды құрылыс немесе қоныстандыру үшін балама алаңдар ұсыну мүмкіндігімен тұрақты су басу аймақтарындағы объектілерді көшіру, қайта бейіндеу немесе қайта жабдықтау жөнінде ұйымдастыру-техникалық және қаржылық шаралар қабылдайды;

18) ведомстволық бағынысты аумақтарда орналасқан коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы және гидротехникалық құрылыстардың техникалық қауіпсіздігін, техникалық жай-күйін тұрақты тексерумен, жөндеу жоспарларын орындаумен және тиісті күтіммен қамтамасыз етеді;

19) жауапты ұйымдарды белгілеуді, техникалық пайдалану мониторингін, уақтылы қызмет көрсетуді және пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы және гидротехникалық құрылыстарды тиімді басқаруды ұйымдастырады;

20) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы және гидротехникалық құрылыстардың есебін жүргізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ кейіннен басқаруға немесе консервациялауға бере отырып, ведомстволық бағынысты аумақтарда орналасқан иесіз су шаруашылығы объектілерінің тізілімін қалыптастырады және жүргізеді;

21) өткізу қабілетін арттыру және су тасқыны құбылыстарының қаупін азайту үшін тоғандарды, өзендерді, арықтар мен каналдарды қоса алғанда, жер үсті су объектілерін санациялау, тазарту және экологиялық қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

65. Бөгендерді, су бұру каналдарын және басқа да инженерлік қорғаныш құрылыстарын салу белгіленген тәртіпте бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде мемлекеттік сараптамадан өтумен ғана жүзеге асырылады. Әзірленіп жатқан жобалау-сметалық құжаттама тиісті өңірдің климаттық, гидрологиялық, геологиялық және сейсмикалық ерекшеліктерін, сондай-ақ ықтимал төтенше жағдайлардың сценарийлік тәуекелдерін ескереді.

## **11-тарау. Селдердің алдын алуға қойылатын талаптар**

66. Сел қауіпті өңірлердің жергілікті атқарушы органдары:

1) инженерлік ізденістер мен тәуекелді бағалау негізінде аумақтың табиғи және климаттық ерекшеліктерін есепке ала отырып, халықты, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылым объектілерін, сондай-ақ маңызды объектілерді сел ағындарының әсерінен қорғау жөніндегі кешенді іс-шараларды ұйымдастырады;

2) уәкілетті органның аумақтық органдарымен бірлесіп, табиғи процестердің мониторингі мен талдау нәтижелері бойынша оларды жыл сайын жаңартуды қамтамасыз ете отырып, сел қауіпі бар кезеңдерде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік жоспарларды әзірлейді және бекітеді;

3) тұрғын үйлерді, мектептерді, ауруханаларды, көлік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін қоса алғанда, сел ағындарынан басым қорғалуға жататын объектілердің тізбесін жылына кемінде бір рет немесе аумақтың құрылысы мен ландшафтының өзгеруіне қарай жаңарта отырып қалыптастырады;

4) жергілікті бюджет қаражаты есебінен жауын-шашын датчиктерін, деңгей өлшегіштерді, температура датчиктерін және ықтимал қауіпті ерте анықтаудың өзге де техникалық құралдарын қамтитын сел қауіпі бар учаскелерде жергілікті автоматтандырылған мониторинг жүйелерін орнатуды, үздіксіз пайдалануды, тұрақты қызмет көрсетуді және уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етеді;

5) сел ағындарының бұзылуына және қалыптасуына бейім тұрақсыздық факторларын уақтылы анықтау мақсатында еңістерді, сел шұңқырларын, мұздақ және сағалық көлдерді тексеру үшін ғылыми-зерттеу, жобалау және инженерлік ұйымдарды тартуды ұйымдастырады;

6) шағын өзендердің, арықтардың, су бұру каналдарының және басқа да су өткізу құрылыстарының каналдарын, оның ішінде елді мекендердің аумағындағы шығарындылардан, ағаш-бұта өсімдіктерінен, қоқыстардан және өткізу қабілетін шектейтін өзге де кедергілерден жүйелі тазартуды қамтамасыз етеді;

7) сел қауіпті учаскелерде құлау, эрозия және шайылу қаупін азайту үшін заманауи инженерлік технологияларды қолдана отырып, жағалауды нығайту, тіреу қабырғаларын салу, беткейлерді нығайту, еңістерді нығайту, дренаждық жүйелерді орнату бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді;

8) бекітілген жобалық шешімдерді есепке ала отырып, кідіртуші және бағыттаушы бөгендер, қонысқа қарсы қоршаулар, галереялар, сел ұстайтын бассейндер мен науалар сияқты селге қарсы құрылыстардың құрылысын, уақтылы техникалық қызмет көрсетуін, ағымдағы және күрделі жөндеуін қамтамасыз етеді;

9) күрделі құрылыстарды – сел қаупі бар аймақтарда орналасқан көпірлерді, жолдарды, каналдарды, инженерлік коммуникацияларды олардың конструкцияларын селге төзімді стандарттар мен нормаларға сәйкес келтіре отырып жобалауға және реконструкциялауға жәрдемдеседі;

10) дауыс зорайтқыш құрылғыларды, сиреналарды және өзге де техникалық құралдарды қоса алғанда, олардың жұмысқа қабілеттілігіне тұрақты тексерулер жүргізіп отырып, сел қаупі туралы халықты құлақтандыру жүйелерінің орнатылуын, пайдаланылуын және тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етеді;

11) қауіп туралы сигнал түскен кезде халықты сел қаупі бар аумақтардан уақтылы эвакуациялауды ұйымдастырады және үйлестіреді, уақытша орналастыру орындарын, көлік бағыттарын дайындауды және эвакуациялық іс-шараларға шұғыл ден қою қызметтерінің қатысуын қамтамасыз етеді;

12) топырақты нығайту, жер үсті ағынын азайту және мол жауын-шашынды ұстау үшін ағаштар мен бұталардың эрозияға қарсы түрлерін отырғызуды, орман белдеулерін жайластыруды қоса алғанда, сел ағындарының беткейлері мен бассейндерінде орман мелиорациялық іс-шараларды орындауды жүзеге асырады;

13) сел қаупі бар аудандарда қала құрылысы қызметі бөлігінде құрылыс нормалары мен қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді, сел ағындары әсер ететін әлеуетті аймақтарда өз бетінше құрылыс жағдайларын болғызбайды және заңсыз объектілерді бөлшектеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) гидрологиялық, геологиялық және метеорологиялық бақылаулардың жаңа деректерін, сондай-ақ аумақтарды жоспарлау мен салудағы өзгерістерді ескере отырып, сел ағындары қатерлерінің карталарын әзірлеуді және тұрақты жаңартуды ұйымдастырады;

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15) селге қауіпті аудандарда тұратын халықты қолжетімді және түсінікті ақпараттық арналарды пайдалана отырып, ықтимал тәуекелдер, қауіпсіздік қағидалары, эвакуациялау тәртібі, сел ағынына қауіп төнген немесе басталған жағдайда дұрыс іс-қимылдар туралы тұрақты хабар беруді қамтамасыз етеді.

67. Метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг саласындағы уәкілетті орган :

1) шағын өзендерді, мұздақ көлдерді және су экожүйелерінің басқа да элементтерін қоса алғанда, қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту үшін қорытындылар мен

ұсынымдар бере отырып, жобаланатын, салынып жатқан және пайдаланылатын селге қарсы құрылыстар мен инженерлік шешімдердің су объектілерінің жай-күйіне әсерін жан-жақты экологиялық бағалауды жүргізеді;

2) сел ағындарының жиілігіне, қарқындылығына және қалыптасу ықтималдығына әсер ететін климаттық, метеорологиялық және гидрологиялық факторларды зерделеуге бағытталған ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады және үйлестіреді;

3) сел ағындарының пайда болу ықтималдығын арттыратын факторларды уақтылы анықтау мақсатында топырақтың тозу процестерін, су және жел эрозиясының дамуын, сырғыма және қорымдық процестердің болуын, өсімдік жамылғысының өзгеруін қоса алғанда, беткейлердің жай-күйін тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді;

4) жыл сайын тау экожүйелеріне антропогендік жүктемені, оның ішінде шаруашылық, құрылыс, көлік және туристік қызметтің беткейлердің, су объектілері мен мұздық жүйелерінің тұрақтылығына әсерін бағалауды жүргізеді, табиғи кешендерге әсерді төмендету бойынша ұсынымдар әзірлейді;

5) осал аймақтардағы шаруашылық қызметті шектеу жөніндегі жобаларды қоса алғанда, тау экожүйелеріне антропогендік әсерді төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және іске асыруды, табиғат қорғау технологияларын енгізуді, өсімдік жамылғысын қалпына келтіруді және эрозиялық процестердің профилактикасын қамтамасыз етеді;

6) төтенше жағдайлар тәуекелдерін азайту жөніндегі шешімдерді жоспарлау және қабылдау мақсатында пайдалану үшін уәкілетті органға және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға климаттың өзгеруі, мұздықтардың тозуы және осы процестердің сел ағындарының жиілігі мен ауқымына әсері мәселелері бойынша аналитикалық есептерді, ғылыми және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін уақтылы жолдайды.

68. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, гидротехникалық құрылыстарды жобалау, пайдалану, реконструкциялау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі нормативтерді, құрылыс стандарттарын және техникалық талаптарды сел тәуекелдерін, таулы аудандардың гидрологиялық ерекшеліктерін және құрылыстардың су тасқынының, сел мен сырғыманың аралас әсеріне тұрақтылығын арттыру қажеттілігін есепке ала отырып әзірлейді және жаңартады;

2) техникалық жай-күйін, қорғау сипаттамаларының деңгейін және жөндеу-қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу қажеттілігін бағалай отырып, сел зақымдану қаупіне ұшыраған бөгендерді, су жинау тораптарын, суару жүйелерін, каналдар мен бөгеттерді қоса алғанда, қолданыстағы гидротехникалық құрылыстарға толық түгендеуді ұйымдастырады және жүргізеді;

3) уәкілетті органмен үйлестіре әрекет ету мен профилактиканың тиімді шараларын әзірлеу мақсатында су тасқыны мен сел ағындарының гидротехникалық құрылыстарға, су шаруашылығы объектілеріне және елді мекендерге аралас әсер етуінің ықтимал сценарийлерін тұрақты модельдеуді әзірлеуге және жүргізуге қатысады;

4) сел әсеріне төзімділікті арттыратын және жүйелердің зақымдануы мен істен шығуын болдырмайтын инженерлік шешімдерді қолдана отырып, сел қаупі бар аудандарда орналасқан ирригациялық желілерді, суару каналдарын, сумен жабдықтау және су беру объектілерін қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

5) уәкілетті органға уақтылы басқару шешімдерін қабылдау үшін деректерді ұдайы ұсына отырып, сел ағындарының туындау қаупі жоғары таулы аудандардағы су режиміне, су алу көлемдеріне, су деңгейінің өзгеруіне және гидрологиялық объектілердің жай-күйіне тұрақты мониторингтеу, есепке алу және бақылау жүргізеді.

69. Көлік саласындағы уәкілетті орган:

1) сел қаупі бар өңірлерде автомобиль және темір жолдарды жобалау, салу, реконструкциялау және оларға күрделі жөндеу кезінде ықтимал сел қатерлерін, гидрологиялық зерттеулердің нәтижелерін, жауын-шашынның қарқындылығы, рельефтің геологиялық ерекшеліктері жөніндегі деректерді міндетті түрде ескереді, сондай-ақ көлік объектілерінің ықтимал сел әсерлеріне тұрақтылығын арттыратын инженерлік шешімдерді қолданады;

2) сел қаупі бар аудандарда орналасқан көлік желісі учаскелерін жыл сайын түгендеуді және техникалық тексеруді, қорғаныш құрылыстарының тәуекел дәрежесін, техникалық жай-күйін міндетті бағалауды, сондай-ақ инженерлік қорғаудың жаңа элементтерін күшейту, реконструкциялау немесе салу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді ұйымдастырады;

3) техникалық жай-күйіне және жөндеу жұмыстарының уақтылы орындалуына мерзімді бақылау жүргізе отырып, бөгендерді, бұрма каналдарды, тіреу қабырғаларын, селге қарсы кедергілер және еңістерді нығайтуды қоса алғанда, көлік желісінің сел қаупі бар учаскелерінде инженерлік қорғаныш құрылыстарын салуды және тұрақты ұстауды қамтамасыз етеді;

4) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жол және коммуналдық қызметтердің жедел ден қоюға дайындығын қамтамасыз ете отырып, сел ағындарының салдарынан жол учаскелері бұғатталған жағдайда айналып өтудің мобильді схемаларын, логистикалық бағыттарды және көлік ағындарын қайта бағыттау жоспарларын әзірлейді, жаңартады және енгізеді;

5) уәкілетті органмен ынтымақтастықта жол құрылысын жоспарлау және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде осы деректерді есепке алу

мақсатында ықтимал сел соққыларына бейім көлік инфрақұрылымының учаскелерін түсіре отырып, сел тәуекелдерінің аудандық және өңірлік карталарын әзірлеуге қатысады;

б) жолдарды жабу, сел зақымдау, көлік инфрақұрылымында авариялық-құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі нұсқаулық және әдістемелік материалдарды, іс-қимыл регламенттері мен стандарттарын әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ бейінді қызметтер мен мамандарды сел ағындарымен байланысты төтенше жағдайларда ден қою тәртібіне оқытуды ұйымдастырады.

70. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган:

1) мына:

селден қорғайтын бөгендерді, тұндырғыш бассейндерді, тұзақтар мен бағыттаушы құрылыстарды жобалау және салу;

гидродинамикалық жүктеме, сел ағындарының жылдамдығы мен құрамы үшін есептік параметрлер;

сел қаупі бар учаскелердегі көлік және коммуналдық инфрақұрылым объектілерінің тұрақтылығын реттейтін құрылыстың нормаларын әзірлейді және бекітеді;

2) тұрғын үй, қоғамдық және өндірістік ғимараттарды тәуекел карталарымен айқындалған сел қаупі бар аймақтардың шекарасынан тыс орналастыру жөніндегі арнайы нормативтер мен талаптарды белгілейді.

## **12-тарау. Сырғымалар мен опырылулардың алдын алуға қойылатын талаптар**

71. Сырғымалар мен опырылуға бейім өңірлердің жергілікті атқарушы органдары:

1) сырғымалар мен опырылуға байланысты төтенше жағдайлардың алдын алудың өңірлік жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

2) топырақты нығайтуға ықпал ететін терең және тармақталған тамыр жүйелері бар бұталар мен ағаштарды отырғызуға басымдық бере отырып, сырғымаларға бейім беткейлерде орман қорғау екпелерін дамытуды қамтамасыз етеді. Беткейлерді террассалау, тіреу қабырғаларын, дренаждық арықтарды және басқа да инженерлік шешімдерді орнату, топырақтың су қанықтылығын төмендету және беткейлерді тұрақтандыру бойынша жұмыстар жүргізеді;

3) төтенше жағдайлар туындаған кезде қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидаларын оқытуды қоса алғанда, сырғыма қаупі бар аймақтарда тұратын халық үшін кешенді ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастырады;

4) рельеф, топырақ, жер асты суларының деңгейі және жауын-шашын туралы деректерді қамтитын цифрлық рельеф модельдерін және геоақпараттық базаларды жасайды және үнемі жаңартып отырады;

5) коммуналдық және жол қызметтерінің сырғыма немесе опырылу болған жағдайда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге әзірлігін қамтамасыз етеді. Жедел бригадалар құрады, қираған учаскелерді шұғыл тазалау, нығайту және қалпына

келтіру үшін қажетті құрылыс материалдарының, ауыр техника мен жабдықтардың резервтерін қамтамасыз етеді.

72. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган:

1) уәкілетті органмен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, сырғыма мен опырылу қаупі төнген аймақтардан халықты жедел эвакуациялауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

2) тонауға жол бермеуді, тіршілікті қамтамасыз ету және уақытша қоныстандыру объектілерін күзетуді, қауіпті аймақтарға кіруді шектеуді қоса алғанда, сырғымадан зардап шеккен немесе қауіп төнген аудандарда қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етеді;

3) блок бекеттерін орнатуды, қауіпті учаскелерді айналып өтуді және эвакуацияланатын топтарды сүйемелдеуді қоса алғанда, төтенше жағдайлар аймағында көлік және жаяу жүргіншілер ағындарын шектеу және қайта бағыттау жөніндегі шараларды ұйымдастырады;

4) сырғыманың салдарынан туындаған төтенше жағдайларға дереу ден қою үшін полицияның жедел топтарын қалыптастырады және дайындықта ұстайды;

5) төтенше жағдайлар кезінде жаппай эвакуациялау және тәртіпті сақтау сценарийлерін пысықтай отырып, ведомствоаралық оқу-жаттығуларға және штабтық жаттығуларға қатысады.

73. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдар мен табиғат пайдаланушылар үшін өсімдік жамылғысын қорғау және беткейлердің тозуын болдырмау жөніндегі ұсынымдарды, оның ішінде аса осал аймақтарда орман мен бұталарды кесуге тыйым салуды және сырғыма учаскелерінде өсімдіктерді қалпына келтіру жөніндегі шараларды әзірлейді.

74. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган:

1) сырғыма мен опырылу қаупі жоғары аймақтарда орналасқан ауыл шаруашылығы алқаптарын , оның ішінде:

жайылымдар, шабындықтар, егістік жерлер және жүзімдіктер;

мелиорациялық және ирригациялық жүйелері;

мал шаруашылығы объектілері және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қоймаларын сәйкестендіруді жүзеге асырады.

Деректерді сырғыма қаупі бар аймақтардың карталарына енгізу үшін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарға ұсынылады

2) ауыл шаруашылығы алқаптары мен ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын сырғыма процестерінен қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді;

3) сырғымалар мен опырылулардан зардап шеккен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тізілімін қалыптастырады және шығынның түрін (малдың қырылуы

, егіннің жоғалуы, инфрақұрылымның зақымдануы) егжей-тегжейлі көрсете отырып жүргізеді;

4) ауыл шаруашылығын сырғыма тәуекелдеріне бейімдеу бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында таулы аудандарда тұрақты жер пайдалану жөніндегі ғылыми зерттеулерге қатысады.

75. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган:

1) таулы, тау бөктеріндегі және еңіс аудандардағы объектілерді қауіпсіз жобалау мен салуды қамтамасыз ететін мемлекеттік құрылыс нормалары мен қағидаларын әзірлейді, бекітеді және кезең-кезеңімен жаңартады;

2) объектілерді жобалау және салу алдында беткейлердің тұрақтылығын міндетті тексеру тәртібін белгілейді.

### **13-тарау. Қар көшкіндерінің алдын алуға қойылатын талаптар**

76. Көшкін қаупі бар өңірлердің жергілікті атқарушы органдары:

1) қар көшкіндерінің алдын алу жөніндегі өңірлік жоспарларды әзірлейді және бекітеді;

2) қар көшкінін ұстайтын торлар мен қоршауларды, автомобиль және темір жол учаскелеріндегі қар көшкіні галереяларын, қар ұстайтын біліктерді, бағыттаушы қалқандар мен бөгендерді қоса алғанда, қар көшкініне қарсы инженерлік қорғаныш құрылыстарын салуды, ұдайы зерттеп-қарауды және күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді. Жер бедерінің ерекшеліктерін есепке ала отырып, оңтайлы инженерлік шешімдерді таңдау үшін жобалық және ғылыми ұйымдар тартылады;

3) уәкілетті органмен, ғылыми және метеорологиялық ұйымдармен бірлесіп көшкін қаупі бар беткейлерге тұрақты аспаптық тексерулер жүргізуді қамтамасыз етеді. Зерттеуге қар жамылғысының қалыңдығын, қардың тығыздығы мен құрылымын өлшеу, қатпарлану дәрежесін анықтау және метеорологиялық факторларды есепке ала отырып, қар массаларының өздігінен түсу ықтималдығын бағалау кіреді;

4) көшкін қаупі бар аймақтарда орналасқан халықты, уақытша жұмысшыларды, туристерді, сондай-ақ санаторийлер, курорттар мен тау шаңғысы базаларының персоналын қауіпсіз және жылдам эвакуациялау схемаларын әзірлейді. Эвакуациялау жоспарларында нақты белгіленген бағыттарды, көлік құралдарын, уақытша орналастыру орындары және тағайындалған жауапты тұлғаларды көздейді;

5) дауыс зорайтқыш құрылғыларды, мобильді қосымшаларды, ресми сайттар мен әлеуметтік желілердегі аккаунттарды пайдалана отырып, қар көшкіні қаупі туралы халықты уақтылы және қолжетімді құлақтандыруды қамтамасыз етеді. Ақпарат ауа райы нашарлаған және көшкін қаупі артқан кезде дереу жеткізіледі;

6) таулы кенттерге, санаторий-курорттық аймақтарға және туристік базаларға баратын жолдарды тазалау, күтіп ұстау және кеңейтуді ұйымдастырады;

7) жолдарды тазалау және көшкін салдарын жою бойынша авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жедел жүргізу үшін материалдардың (инертті, құрылыс қоспалары, құм-қиыршық тас қоспалары) авариялық қорын қалыптастыруды және арнайы техниканың (бульдозерлер, экскаваторлар, қар тазалағыш машиналар, жүк көлігі) дайын болуын қамтамасыз етеді;

8) көшкін қаупі бар аймақтарда қала құрылысы регламенттерінің сақталуын және өз бетінше құрылысқа жол бермеуді қамтамасыз етеді, заңсыз құрылыстарды анықтайды, халыққа ықтимал қауіп-қатерлер туралы хабар береді және қауіпті аудандарда тұруды және шаруашылық қызметті болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды.

77. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган көшкіннен қорғау құрылыстарын жобалау жөніндегі құрылыс нормаларын әзірлейді және жаңартады.

#### **14-тарау. Жер сілкінісінің алдын алуға қойылатын талаптар**

78. Сейсмикалық қауіпті өңірлердің жергілікті атқарушы органдары:

1) өз құзыреті шегінде сейсмикалық аудандастырудың өңірлік карталарын заманауи геофизикалық және геологиялық талдау әдістерін қолдана отырып әзірлеуді, оларды тұрақты түрде жаңартуды және нақтылауды ұйымдастырады, сондай-ақ сейсмологиялық станциялар желісін кеңейтеді, болжамдардың нақтылығын арттыру және сейсмикалық оқиғаларға уақтылы әрекет ету мақсатында аса осал аудандарда қосымша датчиктер мен бақылау пункттерін орнатады;

2) жоғары әлеуметтік маңызы бар объектілерді бөле отырып, сейсмикалық қауіпті аймақтардың аумағында орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды техникалық сипаттамаларын, салынған жылын, конструктивтік ерекшеліктерін және тозу дәрежесін тіркей отырып, көрсетілген деректерді тұрақты негізде жаңарта отырып, кешенді түгендеуді қамтамасыз етеді;

3) ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйін, ең алдымен олардың сейсмикалық тұрақтылығын бағалай отырып, тиісті лицензиясы бар мамандандырылған жобалау және инженерлік ұйымдарды тарта отырып тексеруді ұйымдастырады, кейіннен сейсмикалық жүктемелерге төтеп беру әзірлігі мен техникалық жай-күйі туралы қорытындылар әзірленеді;

4) физикалық түрде тозу деңгейін, конструктивтік қауіптерді, халық тығыздығын, ғимараттардың әлеуметтік маңыздылығын, сондай-ақ күшті жер сілкінісі салдарынан олардың қирауы мүмкін болған жағдайда туындауы ықтимал салдарды ескере отырып, сейсмикалық күшейтуді бірінші кезекте қажет ететін объектілердің өңірлік тізбесін қалыптастырады және жыл сайын жаңартады;

5) қауіп деңгейін, кезектілігін және өңірлік объектілер тізбесінде айқындалған басымдықтарды ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстарды сейсмикалық күшейту жөніндегі іс-шараларды кезең-кезеңімен іске асыруды қамтамасыз етеді, оған күрделі

жөндеу, тірек конструкцияларды нығайту немесе ауыстыру, заманауи амортизациялық элементтерді енгізу және инженерлік желілерді жаңарту кіреді;

6) есепті ұсыну 10 желтоқсаннан кешіктірмейтін мерзімін сақтай отырып, орындалған жұмыстардың көлемін, қаражаттың нақты игерілуін, бар проблемалар мен қауіптерді көрсете отырып, жер сілкіністерін күшейту және алдын алу жөніндегі іс-шаралардың іске асырылу барысы туралы егжей-тегжейлі есептерді қалыптастырады және уәкілетті органға жыл сайын ұсынады;

7) халықты эвакуациялау және инфрақұрылым объектілерін қорғау жөніндегі іс-шараларды кейіннен жоспарлау үшін инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, геофизикалық деректерді және сейсмикалық оқиғалар туралы тарихи ақпаратты есепке ала отырып, сейсмикалық аудандастыру және микроаудандастырудың егжей-тегжейлі карталары негізінде күшті жер сілкіністері кезінде ықтимал қирау аймақтарын айқындайды және бекітеді;

8) барлық күрделі құрылыс объектілерін жобалау және салу кезінде учаскенің сейсмикалық жағдайын, топырақтың тұрақтылығын, жерасты суларының тереңдігін міндетті түрде бағалай отырып, инженерлік-геологиялық зерттеулер жүргізуді, сондай-ақ жобалық шешімдердің қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерінде белгіленген сейсмикалық тұрақтылық талаптарына сәйкестігін тексеруді қамтамасыз етеді;

9) эвакуациялау бағыттарын, көлік түрлерін, уақытша орналастыру пункттерін, жауапты қызметтер мен байланыс деректерін көрсете отырып, күшті жер сілкінісі болған жағдайда халықты эвакуациялау жоспарларын әзірлейді және үнемі жаңартып отырады, сондай-ақ эвакуациялық іс-шараларды жүргізу кезінде уәкілетті органның аумақтық органдары, құқық қорғау органдары, медициналық мекемелер мен коммуналдық қызметтер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

10) сейсмикалық қатер туралы халықты құлақтандыру және хабар берудің өңірлік автоматтандырылған жүйелерді техникалық тұрғыдан сенімді жұмыс істеуін, бағдарламалық қамтамасыз етудің уақтылы жаңартылуын және барлық елді мекендерді, оның ішінде шалғай және жетуі қиын аудандарды қамтуын қоса алғанда қамтамасыз ете отырып, оларды құрады, дамытады және үнемі дайындық жағдайында ұстайды;

11) жер сілкінісі кезінде іс-қимыл жасау бойынша халыққа арналған жүйелі оқыту іс-шараларын ұйымдастырады, оған дәрістер, жаттығулар, ақпараттық-түсіндіру материалдарын тарату, адамдар жаппай жиналатын орындарға көрнекі құралдарды орналастыру, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде ақпараттық науқандар жүргізу арқылы халықтың қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру кіреді;

12) жер сілкінісінен кейін зардап шеккен аудандарға логистикалық жеткізу схемаларын пысықтай отырып, шатырлар, ауыз судың қоры, азық-түлік жиынтықтары, медициналық қобдишалар, авариялық генераторлар, жанармай, арнайы құралдар мен

техниканы қоса алғанда авариялық-құтқару және қалпына келтіру жұмыстары жүргізуге арналған материалдық-техникалық құралдардың резервтерін құрады, толықтырады және тұрақты дайындық жағдайында ұстайды;

13) өңір халқы үшін жұмыс істеуінің бұзылуы ауыр салдарға әкеп соғуы мүмкін, сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газ тарату станциялары, көпірлер, тоннельдер, сорғы станциялары және басқа да тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің элементтерін қоса алғанда басым түрде мониторинг жүргізуге, тұрақты тексеруге және қосымша қорғауға жататын инфрақұрылым объектілерінің тізбесін айқындайды және жүргізеді;

14) электр энергиясын берудің мобильді көздері, уақытша құбыр желілері, авариялық сумен жабдықтау жүйелері, уақытша қосылу пункттері және жылудың балама көздерінің болуын қамтамасыз ете отырып, олардың логистикалық қолжетімділігі мен жедел орналастыруға дайын болуы қамтамасыз етіле отырып, жер сілкінісі салдарынан негізгі инфрақұрылым істен шыққан жағдайда халықты тіршілікті қамтамасыз етудің резервтік схемаларын әзірлейді және енгізеді;

15) өңірлік азаматтық қорғау күштері мен құралдарын, оның ішінде мобильді құтқару құралымдарын, инженерлік техниканы, авариялық бригадаларды және арнайы жабдықтарды тұрақты дайындық жағдайында ұстайды, сондай-ақ шұғыл қызметтердің тиімділігі мен үйлесімділігін арттыру үшін жер сілкінісінің салдарын жою бойынша іс-қимылдарын пысықтау мақсатында тұрақты түрде дайындық, оқыту және бірлескен жаттығулар ұйымдастырады;

16) авариялық тұрғын үйлерді күрделі жөндеу, сейсмикалық күшейту, бұзу және сейсмотұрақты объектілер салу бойынша іс-шараларды қоса алғанда тұрғын үй қорының сейсмикалық тұрақтылығын арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді өңірлік бағдарламаларды қол жеткізілген нәтижелерге мониторинг жүргізіп және баға бере отырып тиімділік көрсеткіштерін, іске асырудың кезең-кезеңімен мерзімдерін, қаржыландыру тетіктерін, бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін нақты айқындала отырып, әзірлейді және іске асырады.

79. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында уәкілетті орган:

1) сейсмикалық тұрақтылық талаптарын есепке ала отырып:

ғимараттарды жауапкершілік деңгейлері мен рұқсат етілетін сейсмикалық жүктеме деңгейлері бойынша бөлуді;

реконструкциялау және күрделі жөндеу кезінде конструкцияларды сейсмикалық күшейтуге қойылатын талаптарды;

сейсмикалық оқшаулау және демпферлік технологияларды қолдану бойынша нормативтерді;

әртүрлі топырақ түрлері мен сейсмикалық аймақтар үшін сейсмикалық әсерді есептеу әдістерін қоса алғанда ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салуды реттейтін құрылыс нормалары мен ережелерін әзірлейді және жаңартады;

2) құрылыс саласындағы ведомстволық бағынысты мемлекеттік ғылыми-зерттеу, жобалау және сараптамалық институттар арқылы конструктивтік жағдайын диагностикадан өткізуді, нақты сейсмикалық тұрақтылық деңгейін анықтауды, қауіп санаттары бойынша жіктеуді, сондай-ақ нығайту, реконструкциялау немесе қажет болған жағдайда авариялық объектілерді бұзу бойынша негізделген ұсынымдарды әзірлеуді қоса алғанда ғимараттар мен құрылыстарға кешенді техникалық тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

3) сейсмотұрақты құрылыс саласында жаңа конструктивтік шешімдерді, жеңілдетілген құрылыс материалдарын, тірек конструкцияларын күшейту технологияларын, заманауи амортизациялық жүйелерді, сондай-ақ сейсмикалық тербелістердің әсерін азайту мақсатында ғимараттардың массасы мен инерциялық сипаттамаларын төмендету әдістерін әзірлеп және сынақтан өткізе отырып, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастырады;

4) ғимараттар мен құрылыстарды тексеру, оларды сейсмикалық күшейту және реконструкциялау бойынша жобалық шешімдер қабылдау, құрылыс және жөндеу жұмыстарының сапасына авторлық және техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезінде жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік және сараптамалық қолдау көрсетеді, сондай-ақ нормативтік талаптарды сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек береді;

5) сейсмотұрақты құрылыс шешімдерін диагностикалау, жобалау және енгізу мәселелері бойынша инженерлік-техникалық қызметкерлерді, жергілікті атқарушы органдардың, уәкілетті органның аумақтық органдарының және мердігер ұйымдардың мамандарын жүйелі түрде оқытуды, біліктілігін арттыруды және кәсіби қайта даярлауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ сейсмотұрақты құрылыс саласындағы озық тәжірибені таратуға бағытталған семинарлар, тренингтер, әдістемелік курстар өткізуді және білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастырады.

80. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган басқа азаматтық қорғау қызметтерімен және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл схемаларын пысықтауды қоса алғанда, қоғамдық тәртіпті қорғау қызметтерінің жер сілкінісі кезіндегі іс-қимылдарға әзірлігін қамтамасыз етеді.

81. Ғылым саласындағы уәкілетті орган сейсмология, жер сілкіністерін болжау, сейсмикалық қауіптілікті мониторингілеу мен бағалаудың жаңа әдістерін әзірлеу және енгізу саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді үйлестіруді және ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ғылыми ұйымдардың жер сілкіністерінен туындаған төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі азаматтық қорғау іс-шараларын іске асыруға қатысуын қамтамасыз етеді.

82. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) бөгеттерді, су қоймаларын, шлюздерді және өзге де объектілерді қоса алғанда, гидротехникалық құрылыстардың сейсмикалық төзімділігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және үйлестіреді, бұл ретте жобалау, салу, пайдалану және реконструкциялау сатыларында сейсмикалық талаптарды интеграциялауға, сондай-ақ жер сілкінісі болған жағдайда іс-қимыл регламенттерін әзірлеуге ерекше назар аударылады;

2) мамандандырылған инженерлік, жобалау және сараптама ұйымдарын тарта отырып, кезеңділігі бес жылда кемінде бір рет гидротехникалық құрылыстардың техникалық және сейсмикаға төзімді жай-күйіне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді, зерттеу нәтижелері бойынша анықталған ақауларды, сейсмикаға төзімділік деңгейін бағалауды, қатерлер тізбесін және конструкцияларды күшейту немесе оларды реконструкциялау жөніндегі нақты ұсынымдарды қамтитын толық техникалық есеп жасалады;

3) қолданыстағы гидротехникалық құрылыстарды сейсмикалық күшейту бойынша бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды ұйымдастырады. Бұл іс-шараларға мыналар кіреді:

инженерлік іс-шараларды жобалау және жүзеге асыру (арматуралау, қайта жобалау, жаңғырту);

беткейлерін нығайту, топырақ бөгеттерін тығыздау, сейсмикалық қорғаныш тігістерін орнату;

төтенше жағдайлар кезінде автономды қуат көзімен қамтамасыз ету және автоматтандырылған басқаруды ұйымдастыру;

4) сейсмикалық жүктемелерді есептеуді және сейсмикалық аудандастырудың, микросейсмозондаудың өзекті карталары және егжей-тегжейлі инженерлік-геологиялық зерттеулердің деректері негізінде конструктивтік шешімдерді таңдауды ескере отырып, жаңа гидротехникалық құрылыстардың сейсмикаға төзімді жобалануын қамтамасыз етеді;

5) техникалық сипаттамаларын, сейсмикалық төзімділік деңгейін, зерттеу нәтижелерін, күшейту бойынша орындалған іс-шараларды, сондай-ақ ықтимал сейсмикалық әсерлер кезінде жойылу қаупінің дәрежесін көрсете отырып, сейсмикалық қауіпті аймақтарда орналасқан барлық пайдаланылатын гидротехникалық құрылыстардың мемлекеттік тізілімін қалыптастырады, жүргізеді және уақтылы жаңартады.

## **15-тарау. Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптар**

83. Жергілікті атқарушы органдар:

1) жыл сайын халықтың қысқы кезеңдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;

2) құрамына жол қызметтерінің, коммуналдық кәсіпорындардың, медициналық ұйымдардың өкілдері және уәкілетті органның аумақтық органдары кіретін қысқы кезеңнен қауіпсіз өту жөніндегі жедел штабтар құрады;

3) жанар-жағармай материалдарын, көктайғаққа қарсы реагенттерді, құм-тұз қоспаларын, қар тазалау техникасын, авариялық отын қорын және қосалқы материалдарды қоса алғанда, қысқы кезең үшін материалдық-техникалық ресурстардың қажетті қорын қалыптастырады, сондай-ақ көлік қолжетімділігінің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды негізгі учаскелерге және сақтау пункттеріне уақтылы жеткізуді қамтамасыз етеді;

4) қар тазалау және жол-құрылыс техникасының, жабдықтарды уақытша сақтау пункттерінің тұрақты әзірлік жағдайын қамтамасыз етеді, сондай-ақ эвакуацияланған азаматтарды уақытша орналастыруға, жылыту жұмыстарын жүргізуге, алғашқы медициналық көмек көрсетуге, сондай-ақ көлік кептелісі мен қар құрсауы жағдайларына арналған азық-түлік қоры мен бірінші қажеттіліктегі заттарды сақтауға арналған қосалқы үй-жайларды дайындауды ұйымдастырады;

5) қатты аяз, қар құрсауы немесе автожолдардың шайылуы жағдайларында жеткізуде іркілістер болуы мүмкін екендігін ескере отырып, қысқы кезеңде мал мен басқа да ауыл шаруашылығы жануарларын жем-шөппен қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде жем, құрама жем және шөпті уақтылы дайындау жұмыстарын ұйымдастырады ;

6) отынмен, азық-түлікпен, көктайғаққа қарсы материалдармен қамтамасыз етуді қоса алғанда, қысқы кезеңде қажетті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді және материалдық ресурстарды ұсынуға ұйымдармен және өнім берушілермен шарттар мен келісімдер жасасады, сондай-ақ қолайсыз ауа райы жағдайларының салдарын жою үшін мердігер ұйымдарды жедел тартуды көздейді;

7) жылумен, сумен, электрмен жабдықтау және кәріз жүйелері сияқты өмірді қамтамасыз ету объектілерін алдын ала дайындауды және олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Уақтылы жөндеу жұмыстарын жүргізу, жабдықтарды тексеру , авариялардың профилактикасы бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ қысқы кезеңдегі ең жоғары жүктемелер кезінде осы жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді;

8) мамандандырылған қар тазалау техникасын, қол бригадалары мен мердігерлік ұйымдарды тарта отырып, облыстық, аудандық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын қар мен мұздан уақтылы тазарту бойынша жүйелі және тұрақты жұмысты ұйымдастырады;

9) жыл сайын 15 қазанға дейін жылыту пункттерінің тізбесін нақтылау және жаңарту жұмыстарын жүргізеді, оған олардың нақты орналасқан жері, жол атауы,

сыйымдылығы, жауапты тұлғалар, байланыс деректері, орналасу шарттары, зардап шеккендерді жеткізу тәртібі, сондай-ақ пункттерді қажетті отын, азық-түлік, жылыту құрылғылары және медициналық құралдар қорымен қамтамасыз ету кіреді.

84. Автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті орган:

1) қысқы кезеңде республикалық маңыздағы автомобиль жолдарын қар мен мұздан тазарту жұмыстарын жоспарлауды және жүргізуді қамтамасыз етеді, бұл ретте арнайы қар тазалау техникасын уақтылы тартуды, көктайғаққа қарсы материалдарды, құм-тұз қоспаларын таратуды, сондай-ақ қар құрсауын, мұзды, көктайғақ учаскелерді жедел жою және көлік қатынасының үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жылжымалы авариялық бригадаларды жасақтауды ұйымдастырады;

2) Республикалық маңыздағы автомобиль жолдарындағы жол инфрақұрылымының жағдайы мен қауіпсіздігін жүйелі түрде мониторингтеуді ұйымдастырады, оған жол жабынын, көпірлерді, жол өтпелерін, жол белгілерін, қоршау бөгеттерін тұрақты тексеру, сондай-ақ ауа райы мен климаттық жағдайларды, қар жауу деңгейін, мұз бен көктайғақтың түзілуін бақылау кіреді.

**16-тарау. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендер аумақтарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

85. Жергілікті атқарушы органдар:

1) кезекші ауысымға арналған үй-жайлары, телефон байланысы, электр энергиясы, жылумен және сумен қамтамасыз етілген өрт сөндіру автомобилі бар ғимараттарда өрт сөндіру пункттерін құрады;

2) ерікті өрт сөндіру құралымдарының қоғамдық бірлестіктерін ұйымдастырады;

3) өрт сөндіру мотопомпасын қажетті жеңқұбырлар мен оқпандар жиынтығымен бірге стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкес ерікті өрт сөндіру құралымдарының қоғамдық бірлестіктері мүшелерінің арасынан тағайындалған жауапты адам өрт орнына жеткізуді қамтамасыз етеді;

4) өрт шыққан жағдайда адамдарды құлақтандыру үшін дыбыстық сигнал беру арнайы құралдарын орнатады;

5) өрт сөндіру мақсаттары үшін су қорын жасақтайды;

6) көктемгі, жазғы және күзгі кезеңдерде әрбір тұрғын үйдің жанында кемінде 200 литр су қорымен сыйымдылықтарды немесе өрт сөндіргішті орналастырады;

7) жанғыш қалдықтардың қоқыстарын жинауға жол бермейді;

8) қоқыс өткізгішімен жабдықталмаған тұрғын үйлер мен жатақханалар аумағында пайдаға жаратуға жатпайтын қалдықтар мен қоқысты жинауға арналған қақпағы бар металл ыдыстарды орнатады, оларды бетондалған немесе асфальтталған алаңдарға тұрғын үйден кемінде 25 м қашықтықта орналастырады;

9) өрт сөндіруге қолданылатын өрт сөндіру мотопомпаларын, өрт сөндіру жеңқұбырлары мен оқпандарының жиынтығын, бастапқы өрт сөндіру құралдарын,

механикаландырылмаған құралдар мен өртке қарсы жабдықтарды сатып алуды, оларды арнайы бөлінген орында немесе жеке тұрғын үйлерде (қосалқы құрылыстарда) сақтауды қамтамасыз етеді;

10) елді мекендердің айналасында ені кемінде 4 м болатын қорғаныш минералдандырылған жолақтар жасайды;

11) түнгі уақытта өрт сөндіру гидранттарын, сыртқы өрт сатысын, өрт сөндіру құралдары орналасқан орындарды және өрт сөндіру су қоймаларындағы пирстерге апаратын жолдарды тез табу мақсатында сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз етеді.

### **17-тарау. Дәнді дақылдарды себу, жинау және жем-шөпті дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

86. Жергілікті атқарушы органдар шабындық жүргізер алдында периметрі бойынша ауыл шаруашылығы алқаптары мен жайылымдарды ені кемінде 4 м минералданған жолақтарды ұйымдастырады.

Ауыл шаруашылығы алқаптары мен жайылымдарда шабындық жүргізу кезінде шөпті өсімдіктердің өртенуін болдырмау үшін шөпті өсімдіктердің өртенуін жүргізетін адамдар өрт болған жағдайда жану аймағын жырту үшін соқасы бар арнайы техниканы пайдаланылады. Өрт сөндіру құралдары – бір бейімделген техника немесе кемінде 5 м<sup>3</sup> тіркеме сыйымдылығы, өрт сөндіргіштердің, күректердің, соқпандардың есебінен көзделеді.

Меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан (ауыл шаруашылығы алқаптарын, жайылымдарды және өзге де аумақтарды қоса алғанда) жердің барлық санаттарында өрт қаупінің жоғары сыныбын белгілеу кезеңінде:

1) тамырдағы құрғақ шөпті өсімдіктер мен өсімдік қалдықтарын өртеуге;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде ауыл шаруашылығы мақсатындағы күйдіру (жандыру) жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қамысты және құрғақ өсімдіктерді шабуға тек шаруашылық және өндірістік қажеттілік болған жағдайда, сондай-ақ өрт қаупін азайту мақсатында ғана рұқсат етіледі.

### **18-тарау. Су айдындарында төтенше жағдайлардың алдын алу талаптары**

87. Жергілікті атқарушы органдар:

1) белгіленген тәртіппен және су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру, қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалуға, туризмге және спортқа арналған орындарды айқындайды және бекітеді;

2) құтқару құралдарымен және кезекші персоналмен жабдықталған құтқару бекеттері бар балалардың шомылуы мен жүзуге үйренуіне арналған коммуналдық және балалар жағажайларын құруды, оларды абаттандыруды және тиісті жағдайда ұстауды қамтамасыз етеді;

3) әрбір су айдыны нақты меншік иесіне, жалға алушыға немесе теңгерім ұстаушыға бекіте отырып, оларды ұстау, қауіпсіздік, санитариялық жай-күйі мен құтқару іс-шараларын ұйымдастыру үшін жауапкершілігін айқындай отырып шомылу, демалыс, су туризмі және спортпен шұғылдану үшін пайдаланылатын барлық су айдындарын кешенді түгендеуді ұйымдастырады;

4) су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалыс, туризм және спорт орындарын құтқару бекеттері толық жарақталған, арнайы дайындықтан өткен құтқарушылар-жасақшыларымен қамтамасыз етілмей, қажетті құтқару жабдықтары, жүзу құралдары, байланыс құралдары, алғашқы медициналық көмек пункттері қажетті медициналық құралдар, дәрілермен және балалар үшін жүзу аймақтарымен, балалар алаңдары реттелмей ашылуы мен пайдалануына жол берілмейді;

5) су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалыс, туризм және спорт орындарындағы жұмысқа волонтерлерді кейіннен оларға қауіпсіздік негіздерін, алғашқы көмек көрсетуді үйретіп, судағы жазатайым оқиғалардың профилактикасы іс-шараларына қатыстыра отырып тарту мен дайындауды ұйымдастырады;

6) қыс мезгілінде мұз болып қатып қалған су қоймалары арқылы қауіпсіз өту үшін арнайы мұз өткелдерін (жаяу және автокөлік жүретін) ұйымдастырады, оларға бағыттаушы белгілер, шектеуші таңбалар, кіреберіс және шығыс алаңдарын орналастырады, сондай-ақ өткелдің барлық пайдалану кезеңдерінде мұздың қалыңдығы мен беріктігін міндетті түрде тексереді;

7) қысқы кезеңнің басы мен соңында мұз өткелдерін ашу және жабу мерзімдерін климаттық жағдайларды, мұздың күйін, ауа райы болжамдары мен гидрологиялық деректерді есепке ала отырып белгілейді, сондай-ақ өткел пайдаланылатын бүкіл кезеңде мұз қабатының жағдайын тұрақты бақылауды жүзеге асырады;

8) халыққа бұқаралық ақпарат құралдары, ресми интернет-ресурстары және басқа қолжетімді тәсілдер арқылы суға шомылуға, ауыз су мен шаруашылық қажеттіліктерге су алуға, малға су беруге, шағын қайықтар мен басқа жүзу құралдарын пайдалануға тыйым салынған орындар туралы жүйелі түрде хабар беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ өңірдің тиісті аумағында орналасқан су объектілеріндегі қауіпсіздік талаптары мен жүріс-тұрыс қағидалары жөнінде хабар береді;

9) су айдындарында қауіпті және демалыс, шомылу, су спорты мен балық аулау үшін жабдықталмаған орындарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тыйым

салатын және ескерту белгілерін, азаматтардың ықтимал қауіпті акватория учаскелеріне шығуын болдырмау үшін орнатады.

## **19-тарау. Биологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға қойылатын талаптар**

88. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 31.03.2026 № 137 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1) биологиялық қауіпсіздік саласындағы биологиялық қатерлерді анықтау, патогенді биологиялық агенттерді табу, мониторинг және зертханалық зерттеулер нәтижелері туралы ақпаратты уақтылы енгізе отырып, биологиялық қауіпсіздік саласындағы деректерді орталықтандырылған есепке алу мен жедел алмасуға арналған мемлекеттік ақпараттық жүйені жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасындағы және шекаралас мемлекеттердегі эпидемиологиялық жағдайды, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, ауруларды бақылау жөніндегі халықаралық және өңірлік орталықтардың деректерін талдау нәтижелерін есепке ала отырып, аса қауіпті жұқпалы ауруларды тудыруы мүмкін патогенді биологиялық агенттердің ресми тізбесін қалыптастырады және оны жыл сайын жаңартады;

3) биологиялық қауіпсіздік саласында жүргізілетін ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды міндетті түрде алдын ала ұсынылған тақырыптардың негізділігін, ықтимал қатерлерді, биологиялық қорғау шараларының болуына, техникалық жабдықталуына, персоналдың даярлық деңгейіне, жобалық қызметтің белгіленген санитариялық, ветеринариялық және экологиялық талаптарға, сондай-ақ биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкестігіне сараптама жүргізе отырып келісуді жүзеге асырады;

4) мониторингтік деректерді жинауды және өңдеуді, жұқпалы аурулардың өршуін есепке алуды, халықаралық ден қою тәжірибесін зерделеуді және патогендік биологиялық агенттердің қозғалысын бақылауды қамтамасыз ете отырып, ел аумағында биологиялық қатерлерді жүйелі талдауды, бағалауды және болжауды ұйымдастырады;

5) халықты биологиялық тәуекелдер туралы, оның ішінде профилактикалық шаралары, қауіп туындаған кездегі жүріс-тұрыс қағидалары туралы тұрақты түрде хабар беруді ұйымдастырады;

6) биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлерін оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды жүргізеді.

89. Жергілікті атқарушы органдар:

1) биологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша өңірлік жоспарларды, оның ішінде:

өңір аумағындағы әлеуетті қауіпті биологиялық объектілердің тізбесін;  
биологиялық қауіп аймағында орналасқан инфрақұрылым объектілерінің тізбесін;  
халыққа хабар беру тәртібі мен эвакуациялау схемаларын әзірлейді және бекітеді.

Өңірлік жоспарлар үш жылдық кезеңге әзірленіп, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдері 10 ақпанға дейін бекітеді;

2) өңірдің аумағында орналасқан ықтимал қауіпті биологиялық объектілерге жыл сайын түгендеу жүргізеді, деректерді міндетті түрде жаңартады және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға 1 наурызға дейін жолдайды;

3) азаматтық қорғау қызметтерінің, медициналық ұйымдардың, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтердің және басқа да тиісті құрылымдардың қатысуымен биологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде әрекет ету бойынша жыл сайын оқу-жаттығуларды ұйымдастырады және өткізеді;

4) биологиялық сипаттағы төтенше жағдай туындаған кезде халықты құлақтандыру және эвакуациялау схемаларын, оның ішінде уақытша орналастыру пункттерін айқындай отырып, әзірлейді және жыл сайын жаңартады;

5) аумақтағы санитариялық-эпидемиологиялық ахуалды жыл бойы мониторингтеуді, оның ішінде сырқаттану жағдайлары, сырқаттанушылық шектерінің асып кетуі, жұқпалы аурулардың өршуі туралы ақпаратты жинау мен талдауды ұйымдастырады;

6) биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын, оның ішінде:

профилактикалық шаралары туралы БАҚ арқылы тұрақты түрде хабар беруді;

ресми интернет-ресурстарда ақпаратты орналастыруды;

ұйымдар мен оқу орындарында кездесулер мен нұсқамалар өткізуді жүргізеді;

7) адамдардың жаппай болатын орындарының, оның ішінде:

базарлар;

білім беру мекемелері;

қоғамдық тамақтану объектілері;

көлік тораптарының санитарлық жағдайына тұрақты мониторинг ұйымдастырады;

8) биологиялық қатер ошақтарын оқшаулау және жою бойынша іс-шараларды жүргізуге арналған күштер мен құралдардың, оның ішінде:

дезинфекциялық бригадалар;

медициналық бақылаудың мобильді пункттері;

эвакуациялауға арналған көлік құралдарының әзір күйде болуын қамтамасыз етеді;

9) биологиялық қатер туындаған жағдайда өңірлік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларымен, медициналық мекемелермен және уәкілетті органның аумақтық органдарымен жедел өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

10) кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде, оның ішінде патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істейтін объектілерде биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын тұрақты бақылау тәртібін белгілейді;

11) мобильді санитариялық бекеттерді пайдалануды қоса алғанда, аса қауіпті инфекциялардың өршуі кезінде науқастарды уақтылы анықтау және оқшаулау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

12) медициналық және биологиялық қалдықтарды, патогенді биологиялық агенттермен жұмыс кезінде пайда болатын қалдықтарды жинауды қоса алғанда, тасымалдау және қауіпсіз жоюды ұйымдастырады;

13) биологиялық қауіпті аймақтарда жұмыс істеу үшін дезинфекциялау құралдарының, жеке қорғау құралдарының және жабдықтардың авариялық қорын қамтамасыз етеді.

## **20-тарау. Гидротехникалық құрылыстардағы төтенше жағдайлардың алдын алуға қойылатын талаптар**

90. Су шаруашылығы мен гидротехникалық құрылыстарға коммуналдық меншік құқығын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар:

1) елді мекендер, өнеркәсіп объектілерін, ауыл шаруашылығы жерлерін, қорғалатын аумақтарды су зиянды әсерінен қорғау мақсатында алдын алу және ағымдағы іс-шараларды жоспарлайды және өткізеді;

2) судың зиянды әсерінің алдын алу жөніндегі алдын алу және ағымдағы іс-шараларды қаржыландырады;

3) су шаруашылығы іс-шараларын өткізу кезінде судың зиянды әсерін болдырмау және жою үшін келесі талаптарды орындау қажет:

су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын салу, пайдалануға беру, пайдалану, жөндеу, реконструкциялау, консервациялау, пайдаланудан шығару және жою кезінде олардың қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігінің төмендеу жағдайын жүйелі түрде талдайды;

су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарына тұрақты тексеру жүргізеді;

су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының аварияларын жоюға арналған материалдық резервтер құрады;

су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарындағы төтенше жағдайлар туралы жергілікті құлақтандыру жүйелерін тұрақты дайындықта ұстайды. Халыққа құлақтандыру сигналдарын уақтылы беру үшін уәкілетті органның аумақтық органдарына жергілікті құлақтандыру жүйелерінің интеграциясын қамтамасыз етеді;

4) су шаруашылығы құрылыстарына тұрақты техникалық тексерулер, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, сондай-ақ мерзімді және кезектен тыс техникалық тексерулер жүргізуді ұйымдастырады;

5) табиғи немесе техногендік төтенше жағдайларға байланысты авариялар қатері туындаған жағдайда, тәулік бойы мониторингті ұйымдастыруды, су деңгейін төмендетуді, пайдалану режимдерін шектеуді және басқа да техникалық шешімдерді қоса алғанда, қосымша қауіпсіздік шараларын дереу қабылдайды, ал бақыланатын параметрлердің белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда-анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын пайдаланудан шұғыл шығару жөнінде шаралар қабылдайды;

6) жүйелер мен құрылыстардың техникалық жағдайын ағымдағы бағалау негізінде, сондай-ақ аварияның туындау қаупінің деңгейін талдауды есепке ала отырып, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының белгіленген қауіпсіздік талаптарын, қазіргі заманғы құрылыс технологиялар мен сарапшы ұйымдардың ұсынымдарын есепке ала отырып, күрделі жөндеу бағдарламаларын, техникалық жаңғырту мен реконструкциялау бағдарламаларын әзірлейді және іск асырады;

7) пайдалануда 25 жылдан астам болған барлық су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарына олардың ағымдағы техникалық жағдайына қарамастан, беріктігі, тұрақтылығы, жұмыс істеу сенімділігі және қазіргі қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі бағалай отырып жыл сайын көпфакторлы тексерулер өткізуді қамтамасыз етеді. Тексеру нәтижелері техникалық қорытындыларда жазылады және анықталған кемшіліктерді жою бойынша кейін шаралар қабылданады;

8) пайдалануда кемінде 25 жыл болған су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарына кешенді көпфакторлы тексерулерді олардың ағымдағы техникалық жағдайына қарамастан кемінде бес жылда бір рет жүргізуді ұйымдастырады.

#### 91. Жергілікті атқарушы органдар:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан, меншік нысанына қарамастан, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) өңір аумағында орналасқан барлық су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының, оның ішінде:

гидротехникалық құрылыстың атауы мен түрін;

меншіктің нысанын (қоғамдық, жекеменшік, республикалық);

нақты және жобалық су көлемдерін;

техникалық паспортының болуын, көпфакторлы тексеру және қауіпсіздік декларациясын;

пайдалануға енгізу мен соңғы күрделі жөндеу мерзімі;

халықты жергілікті құлақтандыру жүйесінің болуын;

соңғы тексеру күні мен нәтижелерін;

техникалық жағдайын;

жақын орналасқан елді мекендерге қауіп-қатерлерін көрсете отырып толық тізілімін жүргізеді (елді мекеннің атауы, гидротехникалық құрылыстардан қашықтығы, үйлер

саны, тұрғындар саны, оның ішінде егде жастағы адамдар, балалар, халықтың әлеуметтік осал топтары);

3) әрбір коммуналдық гидротехникалық құрылыста оған құлақтандыру схемалары мен эвакуация бағыттарын қоса алғанда төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жоспарларын әзірлеуді және жаңартуды ұйымдастырады;

4) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының меншік иелерімен оларды қауіпсіз пайдалану қажеттілігі, көпфакторлы тексеру, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

5) өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді бағдарламаларына: ескірген су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын реконструкциялау және жаңғырту;

заманауи автоматтандырылған мониторинг және құлақтандыру жүйелерін орнату жобаларын қосады.

6) қауіптілік туғызатын коммуналдық су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарды жергілікті құлақтандыру жүйелерімен қамтамасыз етеді, олардың жарылуы немесе авариялары жағдайында елді мекендерге қатер төндіретін, сондай-ақ су тасқыны, күшті жауын-шашын немесе сейсмикалық белсенділік кезеңінде гидротехникалық құрылыстарда кезекшілік ұйымдастырады;

92. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) гидротехникалық инфрақұрылымның қауіпсіздігіне төнетін қатерді кешенді талдайды, қазіргі және болжамды факторларды есепке ала отырып, соның ішінде климаттың өзгеруі, суғармалы егіншілік аумағының кеңеюі, құрғақшылық жиілеуі, су тасқындарының қарқындылығының артуы, сондай-ақ бөгеттердің жарылу қаупі, каналдардың және басқа су шаруашылығы объектілерінің бұзылуы сияқты қауіптерді, олар іргелес аумақтардың қауіпсіздігіне маңызды әсер етеді;

2) республикалық меншіктегі барлық су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының пайдалануын, уақтылы техникалық қызмет көрсетілуін және реконструкциялануын ұйымдастырады, олардың сенімді жұмыс істеуін, қызмет мерзімін ұзартуды және қазіргі қауіпсіздік пен тұрақтылық талаптарына сәйкестендіруді қамтамасыз етеді;

3) республикалық су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының техникалық жағдайын, оның ішінде инженерлік-техникалық тексерулерді, құрал-жабдықтармен өлшеулерді, геодезиялық мониторинг арқылы шөгінділер мен деформацияларды бақылауды, сондай-ақ бөгеттер, су қоймалары, каналдар, шлюздер және басқа инфрақұрылым элементтерінің жер асты жағдайын геотехникалық зерттеулер арқылы жүйелі түрде жүргізуді қамтамасыз етеді;

4) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын қызмет көрсететін персоналды жүйелі түрде оқытуды ұйымдастырады, онда қауіпсіз пайдалану, тұрақты мониторинг

жүргізу, авариялық белгілерге уақтылы жауап беру, ықтимал оқиғаларды болдырмау және олардың салдарын жою мәселелері бойынша дайындық жүргізіледі;

5) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының бірыңғай республикалық тізілімін құрады және жүргізеді, онда мыналар көрсетіледі:

гидротехникалық құрылыстардың атауы мен түрі;  
меншік нысандары (коммуналдық, жеке, республикалық);  
судың нақты және жобалық көлемдері;

техникалық паспортының, көпфакторлы тексеруінің және қауіпсіздік декларациясының болуы;

пайдалануға беру мерзімі және соңғы ірі жөндеу уақыты;  
жергілікті тұрғындарды құлақтандыру жүйесінің болуы;  
соңғы тексеру күні мен нәтижелері;  
техникалық жағдайы;

жанындағы орналасқан елді мекендерге қатер (елді мекеннің атауы, гидротехникалық құрылыстардан қашықтығы, тұрғын үй саны, оның ішінде егде жастағы адамдар, балалар, халықтың әлеуметтік осал топтары);

б) иесіз және авариялық гидротехникалық құрылыстарды есепке алып, бұл объектілерді әрі қарай қауіпсіз пайдалануын немесе жоюын қамтамасыз ету мақсатында кейіннен мұндай объектілерді жергілікті атқарушы органдардың, коммуналдық қызметтердің басқаруына немесе жекеменшік ұйымдардың сенімгерлік басқаруына беру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады;

7) қолданыстағы гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау және жаңғырту бойынша мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды қалыптастырады және іске асырады, оған мыналар кіреді:

ескірген құрылымдық элементтерді ауыстыру;  
жағалауды нығайту;  
авариялық су ағызу құрылғыларын орнату;  
сейсмикалық төзімділікті арттыру бойынша қайта жарақтау;

8) жаңа гидротехникалық құрылыстарды қазіргі қауіпсіздік талаптарын, климаттық жағдайлардың өзгеруін, су деңгейінің маусымдық ауытқуын, су тасқыны, құрғақшылық және болашақта объектілердің пайдаланылуына әсер етуі мүмкін өзге де гидрологиялық факторлар бойынша тәуекелдерді есепке ала отырып міндетті түрде жобалауды және салуды ұйымдастырады, бұл ретте ескереді;

9) метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдармен және жергілікті атқарушы органдармен гидрологиялық және техникалық деректермен жедел алмасуды қамтамасыз етеді, оған су деңгейінің ағымдағы көрсеткіштері, су қоймаларының толу жағдайы, су тасқыны

болжамдары, сондай-ақ республикалық маңызы бар су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының жай-күйі туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде беру кіреді, бұл ретте автоматтандырылған мониторинг және деректерді беру жүйелері қолданылады;

10) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын пайдалану, жаңғырту, мониторинг және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық нормативтер мен салалық регламенттерді әзірлейді, бекітеді және енгізеді, сондай-ақ объектілерді қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды, пайдалану жөніндегі басшылықтарды және төтенше немесе авариялық жағдайларда әрекет ету регламенттерін әзірлейді.

## **21-тарау. Жылу және электрмен жабдықтау жүйелеріндегі төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға қойылатын талаптар**

93. Қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін айқындау тәртібі және Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу қағидалары "Қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 341 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10257 болып тіркелген).

94. Жергілікті атқарушы органдар:

1) авариялық жағдайлардың алдын алу және жылумен жабдықтау жүйелерінде төтенше жағдайлардың туындау қаупін барынша азайту жөніндегі іс-шараларды есепке ала отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында жылумен жабдықтаудың даму схемаларын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді. Схемаларды әзірлеу кезінде қолданыстағы инфрақұрылым, тұтынудың өсу перспективалары, жабдықтардың тозуы және өңірдің климаттық ерекшеліктері ескеріледі;

2) жылумен жабдықтаудың даму схемаларына қолданыстағы жабдықты жаңғырту, жаңа энергия тиімді технологияларды енгізу, жүйенің жалпы сенімділігін арттыру және жылу энергиясы көздерін, жылу желілерін және басқару тораптарын резервтеуді көздейтін іс-шаралар кіреді, бұл авариялық жағдайларда жылумен жабдықтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

3) профилактикалық шараларды уақтылы қабылдау мақсатында жылумен жабдықтаудың әрбір учаскесінде жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізе отырып, жабдықтың физикалық тозу дәрежесін бағалай отырып, сондай-ақ авариялар мен төтенше жағдайлар туындау қауіп-қатерін талдай отырып, жылу энергетикасы объектілерінің техникалық жай-күйіне жыл сайын мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

4) жылумен жабдықтау объектілерінің жылыту маусымына тиісті жай-күйі мен дайындығын қамтамасыз етеді, жабдықтарды, жылу желілері мен ғимараттарды уақтылы дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, сондай-ақ заңнамада белгіленген мерзімдерде дайындық паспорттарын ресімдеуді және қол қоюды қамтамасыз етеді;

5) жергілікті жылумен жабдықтау жүйелерінде тіркелген барлық технологиялық бұзушылықтардың есебін жүргізеді, авариялардың, ақаулар мен қалыпты жұмыс режимінен ауытқулардың себептеріне жыл сайын талдау жүргізеді, оның нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жоюға және қайталама авариялардың алдын алуға бағытталған шараларды әзірлейді және енгізеді;

6) жылумен жабдықтау объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеу жоспарларының уақтылы келісілуін қамтамасыз етеді, орындалған жұмыстардың сапасын және олардың белгіленген қауіпсіздік пен сенімділік талаптарына сәйкестігін кейіннен тексере отырып, барлық жөндеу іс-шараларының орындалуын ұйымдастырады;

7) жылумен жабдықтау субъектілерінің қажетті материалдардың авариялық қорын құруды, авариялық бригадалардың болуы және дайындығын қоса алғанда, жылыту маусымына дайындық бойынша барлық іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуын бақылауды жүргізеді, сондай-ақ қызметтер мен объектілердің қысқы кезеңде пайдалануға нақты дайындығына тексерулер жүргізуді қамтамасыз етеді;

8) жылумен жабдықтау субъектілерінің авариялық сөндіру графиктерін және жылу энергиясын беруді шектеу графиктерін уақтылы ұсынылуын тексереді, осы графиктердің белгіленген тәртіпке сәйкес келісілуін қамтамасыз етеді және авариялық жағдайлар болған жағдайда олардың қатаң орындалуына бақылау жүргізеді;

9) ағымдағы жағдай туралы ақпаратты тәулік бойы жинай және талдай отырып, жылумен жабдықтау жүйелерінің жұмысындағы авариялық жағдайлар мен ақаулардың тұрақты мониторингін ұйымдастырады, туындаған қауіп-қатерлерге жедел ден қояды және аварияларды жоюға тартылған барлық қызметтердің жұмысын үйлестіреді;

10) авария қаупі туындаған жағдайда немесе жылумен жабдықтау жүйелерінде авариялық жағдай туындаған кезде құтқару және жөндеу бригадаларының авария зардаптары толық жойылғанға дейін үздіксіз жұмысын қамтамасыз ете отырып, коммуналдық, мамандандырылған және авариялық қызметтерді тарта отырып, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын дереу ұйымдастырады;

11) жылумен жабдықтау жүйелерін қауіпсіз пайдалану қағидалары, авариялар мен ажыратулар кезіндегі іс-қимылдар туралы халықты уақтылы және толық хабар беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ жылумен жабдықтау жүйелеріндегі ықтимал үзілістер, шектеулер немесе жоспарлы жұмыстар туралы ақпаратты азаматтарға алдын ала жеткізеді;

12) коммуналдық және авариялық қызметтердің тұрақты дайындығын қамтамасыз етеді, олардың жылумен жабдықтау жүйелеріндегі авариялық жағдайлар кезінде іс-қимылдарды пысықтауға, сондай-ақ ден қою жеделдігін және әртүрлі қызметтер арасындағы өзара іс-қимылдың үйлесімділігін арттыруға бағытталған оқу-жаттығу сабақтарына қатысуын ұйымдастырады;

13) қоймаларда резервтердің болуын және оларды авариялық учаскелерге жедел жеткізуге дайындығын қамтамасыз ете отырып, аварияларды жою және үздіксіз жылумен жабдықтау үшін қажетті материалдардың, жабдықтар мен отынның авариялық қорын уақтылы және толық толықтыруды ұйымдастырады;

14) жылумен жабдықтау жүйесінің барлық қатысушыларының үйлесімді жұмысын қамтамасыз ете отырып, жылумен жабдықтау жүйелеріндегі авариялардың алдын алу және төтенше жағдайларды жою мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, жылу энергетика субъектілерімен, коммуналдық және авариялық қызметтермен тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

15) баламалы жылыту көздеріне немесе уақытша орналастыруға арналған шығындарды өтеу мақсатында авариялық жағдайлар туындаған және жылу энергиясын уақытша беру тоқтатылған жағдайда, азаматтардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету тәртібін әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

16) медициналық мекемелерді, мектептерді, балабақшаларды және басқа да әлеуметтік маңызды объектілерді қоса алғанда, жылу энергиясымен басым қамтамасыз етуге жататын тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің жыл сайынғы тізбесін бекітеді сондай-ақ осы объектілерді авариялық ажыратулардан және жылу беруді шектеуден қорғау жөнінде шаралар қабылдайды.

95. Энергетика саласындағы уәкілетті орган:

1) мынаны:

жылу және электрмен жабдықтау субъектілерінің жылу энергетикасы және электр энергетикасы саласындағы заңнама талаптарын сақтауды;

объектілердің тиісті техникалық жай-күйі, оларды қауіпсіз пайдалану және уақтылы техникалық қызмет көрсетуді;

жоспарлы-алдын алу жөндеу графиктерін іске асыруды және күзгі-қысқы кезеңге техникалық дайындықты;

электр станцияларын, желілерді, жылу пункттерін және магистральдық жылу желілерін қоса алғанда, жылу және электрмен жабдықтау объектілерінің сенімді және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етеді;

2) күзгі-қысқы кезеңге дайындық және оны өту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың, жылумен және электрмен жабдықтау субъектілерінің қызметін әдістемелік сүйемелдеуді және үйлестіруді жүзеге асырады. Әдістемелік жұмыс шеңберінде түсіндірме материалдары, ұсынымдар және іс-қимылдардың үлгілік алгоритмдері әзірленеді;

3) жылумен және электрмен жабдықтау жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуі үшін, әсіресе төтенше жағдайлардың туындау қаупі, аномальды ауа райы жағдайлары басталған кезде және жылу және электрмен жабдықтау объектілеріндегі авариялар жағдайларында ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;

4) аварияларға, ажыратуларға және экстремалды ауа райы жағдайларына байланысты төтенше жағдайлар қаупі немесе туындауы кезінде жылумен және электрмен жабдықтау субъектілерінің іс-қимыл тәртібін анықтайтын ұсынымдарды, нұсқаулықтар және регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

5) жылу және электрмен жабдықтау жүйелеріндегі авариялар мен ақауларға мониторинг пен ден қоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етеді. Осы жұмыс шеңберінде ақпаратты уақтылы алу, тәулік бойы кезекшілік ету және туындайтын қауіп-қатерлерге жедел ден қою қамтамасыз етіледі;

6) жылу және электрмен жабдықтау объектілерінің табиғи және техногендік қатерлерге тұрақтылығын арттыруға бағытталған ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелерді ұйымдастырады. Климаттың өзгеруі, экстремалды температуралардың жиілігінің артуы және дүлей зілзалалар жағдайында жаңа инженерлік шешімдерді әзірлеуге ерекше назар аударылады;

7) жылу және электрмен жабдықтау жүйелеріндегі технологиялық бұзушылықтардың, авариялар мен инциденттердің орталықтандырылған есебін жүргізеді. Есепке алу бұзушылықтардың сипаты, пайда болу себептері және тұтынушылар үшін салдары туралы деректерді қоса отырып, тұрақты негізде жүргізіледі;

8) жылумен және электрмен жабдықтау жүйелеріндегі авариялар мен технологиялық ақаулардың себептеріне кешенді талдау жүргізеді. Талдау нәтижелері бойынша жүйелі мәселелерді жою және болашақта қайталама авариялардың алдын алуға бағытталған жалпыланған есептер мен ұсынымдар дайындалады.

## **22-тарау. Радиациялық авариялардың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға қойылатын талаптар**

96. Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган:

1) радиациялық авариялардың алдын алуға және олардың салдарын барынша азайтуға бағытталған техникалық регламенттерді әзірлеуді, бекітуді және оларды тұрақты түрде жаңарту жұмыстарын қамтамасыз етеді. Техникалық регламенттер радиациялық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі талаптарды, персоналды және халықты қорғау жөніндегі шараларды, сондай-ақ радиациялық авариялар туындаған кездегі іс-қимыл тәртібін қамтиды;

2) радиациялық авариялардың алдын алу, анықтау, оқшаулау және жою, сондай-ақ радиациялық қауіптілік жағдайында тиімді жұмыс істеу жөніндегі құзыреттерді қоса

алғанда, атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналға біліктілік өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

3) атом энергиясын пайдалану объектілерінде радиациялық авариялар кезінде персоналды дайындау және іс-қимыл жасау тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, әдістемелік ұсынымдарды және стандартты операциялық рәсімдерді әзірлеу мен енгізуді ұйымдастырады;

4) радиациялық аварияларға ден қою бойынша жүйелі түрде оқу-жаттығу-жаттығу сабақтарын, тактикалық-арнайы жаттығуларды және кешенді жаттығуларды ұйымдастырады және өткізеді;

5) радиациялық аварияларды жою үшін жабдықтардың, материалдар және жеке қорғау құралдарының авариялық қорларын қалыптастыруды, ұстап тұру мен пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) радиациялық авариялардың себептеріне, туындау жағдайлары мен салдарын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы нақты оқиғаларды тергеп-тексеру және шетелдік тәжірибе негізінде кешенді талдау жүргізеді. Талдау нәтижелері бойынша осындай авариялардың алдын алуға, жабдықтардың сенімділігін арттыру және ұйымдастырушылық-техникалық шешімдерді жетілдіру бағытында шаралар әзірленіп, енгізілуде.

97. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган:

1) радиациялық қауіпті объектілерде санитарлық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің және техникалық регламенттердің сақталуын мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады. Осы бақылау шеңберінде өндірістік және қосалқы үй-жайлардың санитарлық жай-күйіне, персоналдың еңбек жағдайлары, инженерлік қорғаулардың жай-күйіне, радиация деңгейлерінің белгіленген нормаларға сәйкестігіне тексеру жүргізіледі, сондай-ақ радиациялық ластанудан қоршаған ортаны қорғауға бақылау қамтамасыз етіледі;

2) радиациялық қауіпті объектілерге іргелес елді мекендерді, ауылдық аймақтарды, аймақтарды, сондай-ақ радиоактивті материалдарды тасымалдау учаскелерін қамтитын Қазақстан Республикасының барлық аумағында кешенді радиациялық мониторинг жүргізуді ұйымдастырады. Радиоэкологиялық мониторинг ашық көздерде радиациялық жағдай туралы ақпаратты өңдеумен және тұрақты жариялаумен стационарлық, жылжымалы автоматтандырылған өлшеу кешендерін қолдана отырып жүзеге асырылады;

3) санитарлық-гигиеналық іс-шараларды, халықты эвакуациялау тәртібін, йод профилактикасын жүргізуді, санитарлық өңдеуді және зардап шеккендерді тасымалдау қауіпсіз бағыттарын белгілеуді қоса алғанда, радиациялық аварияларға ден қою жоспарларын әзірлеуге және жанартуға қатысады. Авария аймағында жедел орналастыру үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің жедел топтарын дайындауға ерекше назар аударылады;

4) радиациялық авария жағдайында жүріс-тұрыс қағидалары, жеке қорғау әдістері, медициналық көмек алу және радиациялық ластанудың әсерін барынша азайту жөніндегі шаралар туралы халыққа тұрақты түрде хабар беруді ұйымдастырады;

5) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің азаматтық қорғау органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, мамандандырылған авариялық-құтқару бөлімшелерімен, сондай-ақ радиациялық сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде радиациялық қауіпті объектілердің персоналымен өзара іс-қимылды пысықтауға бағытталған ведомствоаралық оқу-жаттығулар мен жаттығуларға қатысуын қамтамасыз етеді.

98. Жергілікті атқарушы органдар:

1) уәкілетті мемлекеттік органдарға деректерді жинауды және беруді қоса алғанда, ведомстволық бағынысты аумақтардағы радиациялық қауіпсіздік жай күйінің мониторингін ұйымдастырады;

2) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде радиациялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыруды ұйымдастырады;

3) коммуналдық, авариялық-құтқару және мамандандырылған қызметтердің радиациялық авариялар кезіндегі іс-қимылдарға дайындығын қамтамасыз етеді, мен оқу-жаттығулар мен жаттығулар ұйымдастырады;

4) радиациялық авариялар туындаған жағдайда халықты радиациялық жағдай және іс-қимылдар туралы уақтылы хабар беруді қамтамасыз етеді;

5) ведомстволық бағынысты аумақта радиоактивті заттар мен иондаушы сәулелену көздерін тасымалдауға, қайта тиеуге және уақытша сақтауға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

6) радиациялық авария жағдайында халықты эвакуациялау, тарату және басқа да қорғау шараларын жүргізу жоспарларын әзірлеу және жаңартуды ұйымдастырады.

### **23-тарау. Химиялық авариялардың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеуге және іске асыруға қойылатын талаптар**

99. Жергілікті атқарушы органдар:

1) қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін химиялық өнімді анықтау мақсатында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумақтарында тұтыну нарықтарына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) өтініш берушілер (өндірушілер, өнім берушілер, импорттаушылар) ұсынатын ақпарат негізінде адамның денсаулығы мен өмірі, сондай-ақ қоршаған орта үшін химиялық өнімнің қауіптерін бағалауды жүргізеді;

3) шығу тегі туралы құжаттарды, зертханалық сынақтардың нәтижелерін және таңбалаудың белгіленген талаптарға сәйкестігін қоса алғанда, химиялық өнімнің қауіпсіздігін растайтын қажетті құжаттардың болуын тексеруді қамтамасыз етеді;

4) химиялық өнімді таңбалау тәртібінің сақталуына, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес таңбалауда толық және дұрыс ақпараттың болуына тексеру жүргізеді;

5) мына:

адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіретін белгілері бар;  
радиологиялық талаптарға және химиялық заттардың санаттарына сәйкес келмейді;  
растайтын құжаттары мен тиісті таңбалауы жоқ;

мәлімделген сипаттамаларға және берілген ақпаратқа сәйкес келмейтін химиялық өнімнің сатылуына жол бермеу және айналымнан алып тастау шараларын ұйымдастырады;

6) халықты әсіресе қауіпті немесе сапасыз өнім анықталған жағдайда, химиялық өніммен қауіпсіз жұмыс істеу қауіп-қатері мен қағидалары туралы, хабар беруді қамтамасыз етеді;

7) химиялық авариялардың алдын алу мақсатында өндірістік объектілерді, қоймаларды және көлік тораптарын қоса алғанда, әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында химиялық қауіптіліктің ықтимал көздеріне тұрақты мониторинг пен талдауды ұйымдастырады;

8) химиялық авариялардың алдын алу және салдарын жою мәселелері бойынша кәсіпкерлік субъектілерімен, авариялық-құтқару бөлімшелерімен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтермен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

9) тиісті ден қою жоспарларының, қорғау құралдары мен арнайы техниканың авариялық қорының болуын қоса алғанда, коммуналдық және авариялық қызметтердің ықтимал химиялық аварияларға ден қоюға әзірлігін қамтамасыз етеді;

10) химиялық авариялар кезінде іс-қимылдарды пысықтау бойынша авариялық, коммуналдық қызметтер мен химиялық өнімді пайдаланатын субъектілердің қатысуымен оқу-жаттығу іс-шараларын өткізуді ұйымдастырады;

11) химиялық өнімдерді тасымалдауды жүзеге асыратын өндірістік объектілерді, қоймаларды және көлік компанияларын қауіпсіздік талаптарының сақталуы және авариялық жағдайлардың алдын алу мақсатында тексеруді ұйымдастырады;

12) химиялық сипаттағы төтенше жағдайларды мониторингтеу, алдын алу және жою мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, авариялық қызметтермен және кәсіпкерлік субъектілерімен ведомствоаралық өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

100. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган:

1) химиялық өндірістерді жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, химиялық өніммен байланысты төтенше жағдайлардың туындау қауіп-қатерін азайтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

2) химиялық өнімді өндіруде, сақтауда, тасымалдауда және кәдеге жаратуда пайдаланылатын технологиялық процестер мен жабдықтардың қауіпсіздік стандарттарын әзірлеу және енгізуді қамтамасыз етеді;

3) химиялық саланың кәсіпорындарында авариялардың және қауіпті химиялық заттардың шығарындыларының ықтималдығын азайтуға бағытталған заманауи технологиялар мен жабдықтарды енгізуді ынталандыруды жүзеге асырады;

4) химиялық өніммен байланысты технологиялық процестерді бақылау және мониторингтеудің озық әдістерін енгізу бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

5) химиялық өнімнің айналымына байланысты өндірістік тәуекелдерді талдап, оларды азайту бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

6) авариялардың алдын алу, қауіпсіздік деңгейін арттыру және үздік тәжірибелермен бөлісу мәселелері бойынша химия өнеркәсібі субъектілерінің қатысуымен жыл сайынғы салалық кеңестер өткізуді ұйымдастырады;

7) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі және төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы мамандарды оқыту, даярлау және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

8) химиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупін азайтатын технологияларды енгізетін кәсіпорындар үшін экономикалық ынталандыру шараларын (салықтық және басқа да жеңілдіктерді қоса алғанда) әзірлеу және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

9) уәкілетті органға ақпарат бере отырып, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын іске асыру бөлігінде химия саласы кәсіпорындарының жай-күйіне мониторинг жүргізеді;

10) ерекше бақылау мен қосымша қауіпсіздік шараларын қажет ететін басым химиялық өндірістердің тізбесін әзірлеуді және жыл сайын жаңартуды ұйымдастырады

#### 101. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) атмосферада, су объектілерінде, топырақта және биотада тұрақты өлшеулер жүргізуді қоса алғанда, химиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қауіп-қатерін кейіннен талдай отырып, қоршаған ортаның жай-күйінің химиялық заттармен ластану мәніне мониторинг ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) төтенше жағдайлардың туындау қауіп-қатерін барынша азайтуға бағытталған қоршаған ортадағы химиялық заттардың шекті жол берілетін шығарындыларының, төгінділерінің және құрам деңгейлерінің нормативтерін әзірлеу және енгізуді қамтамасыз етеді;

3) химиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қауіп-қатерінің бар-жоғын сараптауды химиялық өнімнің айналысына қатысты жобалардың қоршаған ортаға әсерін бағалауды ұйымдастырады;

4) химиялық өнімдерді пайдаланатын экологиялық қауіпті объектілерді анықтап, оларды тұрақты экологиялық бақылауға алу тізімін қалыптастырады;

5) қоршаған ортаның химиялық заттармен ластану жағдайларын талдап, себептерін тергеп-тексеруді және профилактикалық ұсынымдарды әзірлеуді жүзеге асырады;

6) экологиялық мониторинг деректерін ашық дереккөздерде жариялауды қоса алғанда, химиялық өнімдердің қауіпсіздігі және қоршаған ортаның ластануын алдын алу мәселелері бойынша ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

7) химиялық заттардың қоршаған ортаға әсерін зерделеуге және ластанудың алдын алу мен жоюдың тиімді әдістерін әзірлеуге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді.

## **24-тарау. Теміржол көлігіндегі төтенше жағдайлардың алдын алуға қойылатын талаптар**

102. Көлік саласындағы уәкілетті орган:

1) қозғалыс қауіпсіздігіне ықтимал қатерлерін анықтау мақсатында теміржол инфрақұрылымының, жылжымалы құрам мен жабдықтың техникалық жай-күйіне мониторинг жүргізуді ұйымдастырады;

2) авариялықты азайтуға бағытталған теміржол инфрақұрылымын жаңғырту және сигналдау, электрмен жабдықтау және байланыс жүйелерінің сенімділігін арттыру жөніндегі шараларын әзірлеу және іске асыруды ұйымдастырады;

3) ведомствоаралық өзара іс-қимылды есепке ала отырып, теміржол көлігіндегі авариялар мен төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеуді және енгізуді ұйымдастырады;

4) авариялық-құтқару қызметтерінің, теміржол көлігі кәсіпорындарының және авариялар мен төтенше жағдайлар кезінде іс-қимылдарды пысықтау жөніндегі басқа мүдделі органдардың қатысуымен оқу-жаттығу сабақтары мен оқу-жаттығуларын өткізуді қамтамасыз етеді;

5) теміржол көлігіндегі кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, қоршаған ортаны қорғау, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

6) тасымалдау процесіне қатысушылардың және теміржол көлігінің қосалқы қызметтерінің тасымалдау қауіпсіздігін, объектілерді техникалық күтіп-ұстауды, сондай-ақ экологиялық, өртке қарсы және санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындауын қамтамасыз етеді;

7) теміржол көлігінде авариялар мен төтенше жағдайлардың себептерін талдауды жүзеге асырады оларды қайталануының алдын алу бойынша шараларын әзірлейді және бекітеді;

8) теміржол көлігінің қауіпсіздігі және төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелерін ақпараттық сүйемелдеуді, оның ішінде тасымалдау процесіне

қатысушылар мен халыққа ықтимал қауіп-қатерлер туралы хабар беруді ұйымдастырады.

103. Жергілікті атқарушы органдар:

1) ықтимал қауіпті аймақтарды (опырылу қауіпі бар беткейлер, су басу, су тасқыны, көшкін, опырылу аймақтары) анықтау мақсатында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орналасқан теміржол инфрақұрылымы учаскелерінің жай-күйін тұрақты негізде мониторинг ұйымдастырады;

2) тозған өткелдер, көпірлер, тоннельдер және техногендік немесе табиғи қауіп-қатерге ұшыраған учаскелерді қоса алғанда өңір шекараларында теміржол инфрақұрылымының осал учаскелерінің тізілімдерін қалыптастырады және жүргізеді;

3) авариялық-құтқару құралымдарының, медициналық мекемелер және коммуналдық қызметтердің теміржол көлігіндегі авариялар кезінде жедел ден қоюға әзірлігін қолдайды;

4) теміржол көлігіндегі төтенше жағдайлар кезінде іс-қимылдарды пысықтау бойынша оқу-жаттығулар өткізуді қамтамасыз етеді;

5) оқиғалар статистикасын орындалған профилактикалық іс-шараларды және жаңғырту бойынша ұсыныстарды көрсете отырып, өңір аумағындағы теміржол көлігіндегі қауіпсіздік жағдайы бойынша аналитикалық есепті қалыптастырады.

## **25-тарау. Автомобиль көлігіндегі төтенше жағдайлардың алдын алуға қойылатын талаптар**

104. Көлік саласындағы уәкілетті орган:

1) жол-көлік оқиғаларының себептеріне талдау жүргізуді ұйымдастырады және олардың алдын алу жөніндегі шараларды республикалық деңгейде әзірлейді;

2) республикалық автомобиль жолдарындағы жол-көлік ахуалы мен авариялық деңгейінің мониторингін, оның ішінде заманауи цифрлық технологиялар мен бейнебақылау жүйелерін пайдалана отырып ұйымдастырады;

3) теміржол көлігінің қауіпсіздігі мен төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелерін ақпараттық сүйемелдеуді, оның ішінде тасымалдау процесіне қатысушылар мен халыққа ықтимал тәуекелдер туралы хабар беруді ұйымдастырады;

4) автомобиль жолдарында сондай-ақ елді мекендердің көшелерінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады.

105. Жергілікті атқарушы органдар:

1) жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жобалауды, салуды, реконструкциялауды, жөндеуді және күтіп ұстауды ұйымдастырады;

2) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында, сондай-ақ елді мекендер шегінде жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін есепке ала отырып, жол жүрісін ұйымдастыру схемаларын әзірлейді және іске асырады;

3) шұғыл медициналық көмек пункттерін жарактандыруды және медициналық қызметтердің жол-көлік оқиғаларына ден қоюға дайындығын қамтамасыз етуді қоса алғанда, жол қозғалысының қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету бойынша кешенді іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

4) автомобиль жолдарының техникалық жай-күйіне, жол құрылыстарының жай-күйіне, сондай-ақ жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарының тиімділігіне тұрақты мониторингті ұйымдастырады;

5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында алдын алу іс-шараларын әзірлей отырып, жол-көлік оқиғалары туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді және талдауды ұйымдастырады;

6) жол қозғалысына қатысушылар мен халықты жол-көлік ахуалы, авариялық учаскелер, қозғалыстың уақытша шектеулері және жүргізілетін жол жұмыстары туралы уақтылы хабар беруді ұйымдастырады;

7) қысқа мерзімде жол желісінің қауіпсіздігі мен өткізу қабілетін қалпына келтіру үшін жол-көлік оқиғаларының салдарын жоюды ұйымдастырады.

## **26-тарау. Теңізде, ішкі су айдындарында және қорғау аймағында мұнай төгілуіне жедел ден қоюға қойылатын талаптар**

106. Көлік саласындағы уәкілетті орган:

1) мұнайдың төгілуін жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу және төтенше жағдай аймақтарынан халықты эвакуациялауды жүргізу үшін қажетті көлік құралдарын жедел тарту тәртібін әзірлеуді, бекітуді және енгізуді қамтамасыз етеді. Осы тәртіп шеңберінде жұмылдыруға жататын көлік ресурстарының тізбесі, оларды тарту тетіктері, сондай-ақ басқа уәкілетті органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі айқындалады;

2) көлік ұйымдарының мұнайдың төгілуін жоюға қатысуға тұрақты дайындығын қамтамасыз етеді, қажетті көлік паркін, оның ішінде автомобиль, теміржол, су және әуе көлігін қалыптастыру жөніндегі жұмысты жүргізеді және көрсетілген көліктің техникалық жай-күйіне, оның қолжетімділігіне және төтенше жағдай туындаған жағдайда жедел іске қосылу мүмкіндігіне тұрақты бақылауды жүзеге асырады;

3) персоналды, авариялық-құтқару құралымдарын, мамандандырылған жабдықтарды, мұнайдың төгілуін жоюға және авариялық-құтқару, өртке қарсы және эвакуациялық іс-шараларды жүргізуге тартылған техникалық құралдар мен материалдарды уақтылы және тиімді тасымалдауды ұйымдастырады;

4) осы құжаттарда қажетті көлік ресурстарын жоспарлауды, көлік бірліктерінің талап етілетін санын, қозғалыс бағыттарын, келудің бақылау мерзімдерін есептеуді және авариялық-құтқару жұмыстарының барлық кезеңдерінде үздіксіз логистикалық қолдауды қамтамасыз ете отырып, мұнайдың төгілуін жою жөніндегі аумақтық, салалық және объектілік жоспарларды әзірлеуге қатысады;

5) көлікпен мұнайдың төгілуін жоюды қамтамасыз ету мәселелері бойынша көлік ұйымдарының мамандарын оқытуды ұйымдастырады және авариялық қызметтер мен құтқару бөлімшелерімен өзара іс-қимылды пысықтай отырып, теңіз акваторияларында, ішкі су айдындарында, порттар мен жағалаудағы аймақтарда, сондай-ақ сақтандыру белдеулері шегінде өткізілетін практикалық оқу-жаттығуларға көлік компанияларының қатысуын қамтамасыз етеді;

б) авариялық және резервтік көліктің болуын, жасақталған экипаждарды, техниканы шұғыл тартуға қолданыстағы шарттарды, сондай-ақ төтенше жағдай аймағына ұсынуға жедел дайындықты қоса алғанда, көлік компанияларының, тасымалдаушылардың және көлік иелерінің мұнайдың төгілуін жоюға қатысуға әзірлігін қамтамасыз етеді.

107. Метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг саласындағы уәкілетті орган:

1) теңіз акваторияларын, ішкі су айдындарын және сақтандыру аймақтарын қоса алғанда, мұнайдың ықтимал төгілу аудандарында, гидрометеорологиялық жағдайлардың жедел болжамын қамтамасыз етеді. Болжам ауа райының өзгеруін, желдің бағыты мен жылдамдығын, ағындарды, теңіз толқынын, су деңгейін, сондай-ақ мұнайдың таралуына және жою шараларының тиімділігіне әсер ететін басқа да табиғи факторларды есепке ала отырып жүзеге асырылады;

2) су айдындарының, атмосфералық ауаның, топырақтың және биологиялық әртүрліліктің жай-күйі туралы ақпаратты жүйелі түрде жинауды қамтамасыз ете отырып, мұнайды өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау және сақтау аудандарында қоршаған ортаның жағдайын тұрақты экологиялық мониторингін ұйымдастырады;

3) зертханалық зерттеулер жүргізу, ластану дәрежесін анықтау, халықтың денсаулығы үшін қатерді бағалау және экожүйелерге әсер ету үшін мұнайдың ықтимал немесе бұрын болған авариялық төгілу аймақтарында су, топырақ және ауа сынамаларын тұрақты іріктеуді қамтамасыз етеді;

4) ғарыштық мониторингтің жедел деректерін, қашықтықтан зондтауды, ұшқышсыз ұшу аппараттарын және мұнаймен ластанған аумақтарды уақтылы анықтау мен олардың таралу динамикасын қоса алғанда, заманауи технологияларды қолдана отырып, мұнай өндіру және тасымалдау объектілері жанында орналасқан ықтимал қауіпті учаскелерді тұрақты мониторингті жүзеге асырады;

5) мониторингтің жедел деректері мен зертханалық зерттеулері нәтижелері негізінде мұнай төгілуінің сипатын, көзін және таралу аймағын кешенді бағалауды ұйымдастырады;

б) мұнай төгілулерін жоюдың неғұрлым тиімді және экологиялық қауіпсіз әдістерін таңдау мақсатында жиынтық экологиялық пайдаға алдын ала талдау жүргізуді үйлестіреді. Осы талдау әртүрлі тазарту әдістерінің қоршаған ортаға, су ресурстарына, флора мен фаунаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалайды;

7) қоршаған ортаға зиянын азайтатын және ластаушы заттардың одан әрі таралуына кедергі келтіретін технологияларды басымдықпен пайдалануды қамтамасыз ете отырып, жиынтық экологиялық пайданы талдау нәтижелері негізінде мұнай төгілулерін жоюда қолданылатын әдістерді келіседі;

8) экологиялық мониторингпен айналысатын табиғат қорғау ұйымдары мен бөлімшелері мамандарының бірлескен іс-қимылды пысықтау, ден қоюға дайындығын арттыру және ластанған ортаны бақылау мен тазартудың заманауи әдістерін практикада енгізу мақсатында мұнай төгілулерін жою бойынша оқу-жаттығуларға қатыстыруды қамтамасыз етеді;

9) осы құжаттарда экологиялық талаптарды, нақты аумақтардың табиғи ерекшеліктерін, маусымдық климаттық факторларды және экологиялық мониторинг деректерін есепке алуды қамтамасыз ете отырып, мұнай төгілулерін жою бойынша аймақтық, объектілік және ұлттық жоспарларды әзірлеуге, келісуге және тұрақты түрде жаңарту жұмыстарында қатысады.

108. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен бірлесіп, қоршаған ортаға және жануарлар әлеміне нұқсанды барынша азайту қағидаттарын басшылыққа ала отырып, үшінші деңгейдегі мұнай төгілулерін жоюдың оңтайлы әдістерін келісуді жүзеге асырады. Жоюдың ең жақсы әдістерін таңдау үшін белгілі бір аумақтың ерекшеліктерін мен экологиялық жүйелер үшін ықтимал қатер деңгейін есепке ала отырып жиынтық экологиялық пайда талдауы қолданылады;

2) мұнайдың авариялық төгілуі салдарынан зардап шеккен жануарлар мен құстарды тазарту үшін мамандандырылған алаңдар мен пункттерді құруды, жарақтандыруды және олардың тұрақты дайындығын ұйымдастырады. Бұл пункттерде зардап шеккен жануарларды қауіпсіз ұстау, санитарлық өңдеу, ветеринарлық бақылау және оңалту үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі;

3) зардап шеккен адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін салдарды барынша азайтуға бағытталған заманауи ветеринариялық, зоологиялық және экологиялық әдістемелерді қолдана отырып, мұнай өнімдерімен ластанған жануарлар мен құстарды қауіпсіз тазарту, оңалту және қалпына келтіру жөніндегі кешенді рәсімдерді әзірлеуді, бекітуді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

4) қалпына келтіру іс-шараларының тиімділігін бақылау және мұнаймен ластану салдарымен байланысты ықтимал асқынуларды уақтылы анықтау мақсатында тазарту және оңалту рәсімдерінен өткен жануарлар мен құстардың жай-күйін жүйелі бақылауды ұйымдастырады;

5) мүдделі мемлекеттік органдарға сараптама ұйымдары, зоология, орнитология, ихтиология саласындағы бейінді мамандар туралы, сондай-ақ мұнайдың төгілуіне байланысты төтенше жағдайлар кезінде жануарлар дүниесін қорғауды, құтқаруды және

оңалтуды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдар мен ерікті құралымдар, туралы қажетті ақпаратты уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

6) жануарлар дүниесін қорғау табиғат қорғау ұйымдары мен ветеринарлық қызметтер саласындағы мамандардың практикалық дағдыларды пысықтау, ден қоюға дайындығын арттыру және зардап шеккен жануарларды құтқару кезінде бірлескен іс-қимылдарды жетілдіру мақсатында мұнай төгілуін жою бойынша оқу-жаттығуларға және жаттығуларға қатысуын ұйымдастырады;

7) жануарлар дүниесін қорғау, табиғи экожүйелерді қалпына келтіру және биологиялық әртүрліліктің жоғалуына жол бермеу жөніндегі талаптарды есепке ала отырып, мұнай төгілуін жою бойынша ұлттық, аумақтық және объектілік жоспарларды әзірлеуге, келісуге және тұрақты түрде жаңартуға қатысады.

109. Энергетика саласындағы уәкілетті орган:

1) мұнай төгілуін жоюды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың қарамағындағы жабдықтарды, техниканы, материалдарды және басқа ресурстарды есепке алуды жүргізуді, жүйелеуді және тұрақты жаңартуды ұйымдастырады. Есепке алу жабдықтың түрлері, саны, техникалық жай-күйі және авариялық жағдайларда пайдалануға дайындығы бойынша егжей-тегжейлі жүргізіледі;

2) Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы негіздемелік конвенцияға мұнаймен ластануды тудыратын инциденттер кезінде Өңірлік дайындық, ден қою және ынтымақтастық туралы хаттама шеңберінде жедел ақпарат беру және алмасуды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

3) теңізде, ішкі су айдындарында және сақтандыру аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін тартылатын күштер мен құралдарды жарақтандырудың ең аз қажетті нормативтерін, талаптар мен көрсеткіштерді анықтайды және бекітеді. Бұл нормативтерге мамандандырылған техниканың, жабдықтардың, реагенттердің тізбесі, сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстарын тиімді және уақтылы жүргізуді қамтамасыз ететін материалдық-техникалық ресурстардың ең аз резерві кіреді;

4) заманауи техникалық шешімдерді, халықаралық стандарттар мен осыған ұқсас аварияларды жою тәжірибесін есепке ала отырып, мұнай төгілуін жоюға тартылатын ұйымдарды жарақтандыру мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарды, басшылықтарды нұсқаулық материалдарды әзірлейді, бекітеді және жаңартады;

5) мұнай төгілуін жоюға қатысатын күштер мен құралдардың дайындық деңгейін, ресурстық жарақтандырылуын және үйлестірілген іс-қимылдарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен, авариялық қызметтермен, көлік ұйымдарымен және басқа да субъектілермен ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

6) мамандандырылған ұйымдарды міндетті түрде тарта отырып, теңізде, ішкі су айдындарында және сақтандыру аймақтарында мұнай төгілуін жою бойынша оқу-жаттығулар мен жаттығулар ұйымдастырады және өткізеді. Оқу-жаттығулардың

қорытындысы бойынша өзара іс-қимылдың дайындығын, тиімділігін бағалау жүргізіледі және қосымша пысықтауды талап ететін проблемалық мәселелер анықталады;

7) мұнай төгілуін жоюға қатысатын мамандандырылған ұйымдардың дайындық жай-күйіне тұрақты талдау жүргізеді. Талдау шеңберінде жарактандырудың белгіленген нормативтерге сәйкестігіне мониторинг жүргізіледі, техниканың және жабдықтың жинақталуы, жарамдылығы сондай-ақ персоналдың дайындық деңгейі тексеріледі, кейіннен анықталған кемшіліктерді жою үшін шаралар қабылданады.

110. Ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган мұнайдың төгілуіне уақтылы ден қою ғарыштық мониторинг деректерін уәкілетті мемлекеттік органдар мен авариялық-құтқару қызметтеріне тұрақты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз етеді.

111. Жергілікті атқарушы органдар:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде мұнай төгілуін жою жөніндегі дайындықты және іс-қимылды қамтамасыз етудің аумақтық жоспарларын әзірлейді және бекітеді. Көрсетілген жоспарларда нақты іс-шаралар, жауапты орындаушылар, ресурстар, құлақтандыру және эвакуациялау схемалары, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдармен, авариялық қызметтермен және жоғары тәуекел объектілерінде қызметті жүзеге асыратын ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі көзделеді;

2) уәкілетті органдардың аумақтық органдарымен, авариялық-құтқару қызметтерімен, мамандандырылған ұйымдармен, ықтимал қауіпті объектілердің меншік иелерімен, сондай-ақ басқа да мүдделі құрылымдармен жедел өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, мұнайдың төгілуін жою бойынша іс-қимылдарды ведомствоаралық үйлестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады. Үйлестіру дайындық сатысында да, мұнайдың төгілуіне тікелей ден қою барысында да жүзеге асырылады;

3) барлық мүдделі қызметтер мен ұйымдарды тарта отырып, мұнайдың төгілуіне дайындық және оны жою бойынша оқу-жаттығулар мен жаттығулар ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

4) төгілулерді жою процесінде пайда болатын қалдықтар мен жиналған мұнайды уақытша сақтауға, сұрыптауға және жинақтауға арналған орындарды айқындалады, жабдықтайды және ұстайды, сондай-ақ экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес көрсетілген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жаратуды қамтамасыз етеді;

5) ден қоюға күштер мен құралдардың тұрақты дайындығын қамтамасыз ету үшін мұнайдың төгілуін жою бойынша мамандандырылған ұйымдармен шарттар жасасады. Осы шарттар шеңберінде авариялық жағдайда қажетті ресурстарды жедел тарту шарттары көзделеді;

б) мұнайдың төгілуін жою мәселелері бойынша жұртшылық өкілдерімен, экологиялық қозғалыстармен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда олар аумақты жою жұмыстарына және тазартуға жәрдемдесу үшін ерікті-волонтерлерді тартуды және үйлестіруді ұйымдастырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ